



**«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

**2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
бойынша жекелеген қаржылық есептілік**

Мазмұны

Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі

Пайда немесе залал туралы жекелеген есеп.....8

Жиынтық кіріс туралы жекелеген есеп.....9

Қаржылық жағдай туралы жекелеген есеп.....10

Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы жекелеген есеп.....11-12

Ақша қаражатының қозғалысы туралы жекелеген есеп.....13-14

Жекелеген қаржылық есептілікке ескертпелер.....15-102



«КПМГ Аудит» жауапкершілігі
шектеулі серіктестік
Қазақстан, А25D6Т5, Алматы,
Достық д-лы, 180,
+7 (727) 298-08-98

Товарищество с ограниченной
ответственностью «КПМГ Аудит»
Казахстан, А25D6Т5, Алматы,
пр. Достык, 180

Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі

**«Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамының акционерлеріне
және Директорлар кеңесіне**

Пікір

Біз 2022 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдай туралы жеке есебінен, көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс, меншікті капиталдағы өзгерістер және ақша қаражаттарының қозғалысы туралы жеке есептерден, сондай-ақ, есеп саясатының маңызды тұжырымдамалары мен басқа түсіндірмелі ескертпелерден тұратын «Банк ЦентрКредит» АҚ-ның (әрі қарай, «Банк») жеке қаржылық есептіліктің аудитін жүргіздік.

Біздің пікірімізше, жеке қаржылық есептілік Қаржылық есептілігінің халықаралық стандарттары жөніндегі Комитеті шығарған ҚЕХС стандарттарына (ҚЕХС стандарттары) сәйкес барлық елеулі қатынастарда Банктің 2022 жылдың 31 желтоқсанындағы шоғырландырылмаған қаржылық жағдайын және көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша шоғырландырылмаған қаржылық нәтижелерін және шоғырландырылмаған ақша қаражаттарының қозғалысын өділ көрсетеді.

Пікір білдіруге негіздеме

Біз Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес аудит жүргіздік. Осы стандарттар бойынша біздің жауапкершілігіміз одан әрі есебіміздің «Жеке қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық өдеп стандарттары Кеңесінің кәсіби бухгалтерлерге арналған өдеп кодексіне («БАХӘСК кодексі») және біздің жеке қаржылық есептіліктің аудитіне тиісті Қазақстан Республикасында қолданылатын өдептілік талаптарға сәйкес Банкке қатысты тәуелсіз болып табыламыз және біз басқа да өдептілік міндеттемелерді аталған талаптар мен БАХӘСК кодексіне сәйкес орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіруге негіздеме болуға жеткілікті және тиісті деп есептейміз.

© 2023 «КПМГ Аудит» ЖШС, Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес тіркелген компания, жауапкершілігі өз қатысушыларының келіпдіктерімен шектелген KPMG International Limited жөке ше ағылшын компаниясының құрамына кіретін KPMG тәуелсіз фирмалары жаһандық ұйымының қатысушысы. Барлық құқықтар қорғалған.

© 2023 ТОО «КПМГ Аудит», компания, зарегистрированная в соответствии с законодательством Республики Казахстан, участник глобальной организации независимых фирм KPMG, входящих в KPMG International Limited, частную английскую компанию с ответственностью, ограниченной гарантиями своих участников. Все права защищены.

Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселелері біздің кәсіби пайымдауымыз бойынша, ағымдағы кезеңнің жеке қаржылық есептілігінің аудитінде ең маңызды болған мәселелер. Бұл мәселелер толығымен біздің жеке қаржылық есептіліктің аудитінің мәнмәтіні мен осы есептілік туралы біздің пікіріміздің қалыптасуында қарастырылды және біз осы мәселелер бойынша жеке пікір білдірмейміз.

Клиенттерге берілген несиелер бойынша күтілетін кредиттік залал («ККЗ»)

Жеке қаржылық есептілігіндегі 3 (п), 5 және 17 - Ескертулерді қараңыз.

Аудиттің негізгі мәселесі	Аудиттің негізгі мәселесіне қатысты аудиторлық рәсімдер
Клиенттер мен банктерге берілген несиелер активтер көлемінің 48%-ын құрайды және тұрақты түрде бағаланатын және пайдаланылатын жорамалдарға сезімтал күтілетін кредиттік залалға (бұдан әрі – «ККЗ») бөлінген резервті шегере отырып көрсетіледі. Банк күтілетін кредиттік залалды бағалау моделін қолданады, ол басшылықтан кәсіби пайымдауды қолдануды және болжамдарды келесі негізгі аспектілерге қатысты пайдалануды талап етеді: - клиенттерге берілген несиелерге қатысты кредиттік тәуекелдің және дефолт оқиғаларының елеулі өсуін уақтылы анықтау (9-ҚЕХС сәйкес 1, 2 және 3-сатыларға жатқызу); - дефолт ықтималдығын бағалау (PD), дефолт болған жағдайда шығын мөлшері (LGD); - кепілмен қамтамасыз етуді іске асыру мерзімдері бойынша негізгі жорамалдарды қоса алғанда, 3-сатыға жатқызылған кредиттер бойынша күтілетін ақша ағындарын бағалау.	Біз қаржылық тәуекелдерді басқару бойынша өз мамандарын тарта отырып, 9-ҚЕХС (IFRS) талаптарына сәйкестігі тұрғысынан ККЗ-ны бағалауға қатысты Банктің әдістемесі мен саясатындағы өзгерістердің негізгі аспектілерін талдадық. ККЗ резервін есептеу кезінде басшылық жасаған кәсіби пайымдаулар мен жорамалдарды талдау үшін біз келесі процедураларды жүргіздік: - Корпоративтік клиенттерге берілген несиелер үшін біз несиелерді тиісті сатыларға уақтылы тағайындауға қатысты ұйымдық және операциялық бақылау тиімділігін тексердік. - Жеке қаржылық есептілікке елеулі әсер етуі мүмкін ККЗ-ны бағалаудың елеулетті өзгеруі корпоративтік клиенттерге берілген несиелердің үлгісі бойынша біз қаржылық және қаржылық емес ақпаратты, сондай-ақ Банктің болжамдары мен қолданған кәсіби пайымдауларын талдау арқылы кезеңдерді анықтаудың дұрыстығын тексердік. - 3-сатыға жатқызылған корпоративтік клиенттерге берілген несиелерді іріктеу бойынша, олар бойынша ККЗ бөлінген резервтер жеке негізде бағаланады, біз тарихи тәжірибе мен қолжетімді нарықтық ақпарат туралы түсінігімізге сүйене отырып, іске асырылатын кепіл құнын бағалауды және оларды іске асыру мерзімдерін қоса алғанда, болашақ ақша ағындарын есептеу кезінде Банк пайдаланатын болжамдарды сыни тұрғыдан бағаладық. - Жеке тұлғаларға берілген несиелерге қатысты біз тиісті жүйелердегі кешіктірулерді уақтылы көрсетуге қатысты бақылаулардың ұйымдық мен операциялық тиімділігін тексердік.

Клиенттерге берілген несиелердің едәуір көлеміне және ККЗ бойынша резервтің шамасын бағалаудың осыған байланысты белгісіздігіне байланысты бұл мәселе аудиттің негізгі мәселесі болып табылады.	- Клиенттерге берілген және 1 және 2-сатыларға жатқызылған несиелерге қатысты, олар бойынша ККЗ-ге бөлінген резервтерді бағалау ұжымдық негізде жүзеге асырылады, біз тиісті PD және LGD модельдерінің жұмыс принципіне тестілеу жүргіздік, сондай-ақ модельдің бастапқы деректерін іріктемелі негізде бастапқы құжаттармен салыстырдық. - Біз 2022 жылдың 1 қаңтарында жасалған бағалауды 2022 жылдың нақты нәтижелерімен салыстыру арқылы ККЗ-ны есептеу үшін Банк пайдаланатын модельдердің жалпы болжау қабілетін бағаладық. Біз сондай-ақ жеке қаржылық есептілікті ашудың Банктің кредиттік төуекелге ұшырағыштығын тиісті түрде көрсететініне/көрсетпейтініне бағалауды тексердік.
--	---

Басқа ақпарат

Басшылық басқа ақпарат үшін жауапты. Басқа ақпарат Банктің 2022 жылғы жылдық есепке енетін ақпаратты қамтиды, бірақ басқа ақпаратқа жеке қаржылық есептілік пен жеке қаржылық есептілік туралы біздің аудиторлардың есебі енбейді. Банктің 2022 жылғы жылдық есебі бізге, болжаммен, осы аудиторлардың есебінің күнінен кейін ұсынылады.

Біздің жеке қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратты қамтымайды және біз басқа ақпаратқа қатысты қандай да бір нысандағы сенімділік қорытындысын білдірмейміз.

Біздің жеке қаржылық есептіліктің аудитіне байланысты біздің жауапкершілігіміз мүмкін болған жағдайда жоғарыда анықталған басқа ақпаратты оқу және басқа ақпаратты оқу барысында оның жеке қаржылық есептілікпен немесе аудит барысында алған біздің білімімізбен елеулі дәйексіздігін немесе елеулі бұрмаланған болып көрінуін қарастыру..

Жеке қаржылық есептілік үшін басшылық пен басқару өкілеттілігіне ие тұлғалардың жауапкершілігі

Басшылық ҚЕХС стандарттарына сәйкес жеке қаржылық есептіліктің дайындауы мен әділ ұсынылуына және де алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланбаған жеке қаржылық есептілікті дайындау үшін басшылық қажет деп анықтайтын ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Жеке қаржылық есептілікті дайындауда басшылық Компанияның үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетін бағалау, сәйкес жағдайларда үздіксіз қызметке қатысты мәселелерді ашып көрсету және басшылық Компанияны жауып тастауға немесе оның операцияларын тоқтатуды ниеттеніп отырған немесе одан басқа нақты балама нұсқасы болмаған жағдайларды қоспағанда бухгалтерлік есептің үздіксіз қызмет негізін қолдану үшін жауапты.

Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар Компанияның жеке қаржылық есептілігін дайындауды қадағалауға жауапты.

Жеке қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз жеке қаржылық есептіліктің толығымен алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланбағандығы туралы ақылға қонымды сенімділік алу және де біздің пікіріміз енетін аудиторлардың есебін шығару. Ақылға қонымды сенімділік жоғары дәрежедегі сенімділікті білдіреді, бірақ АХС-ға сәйкес жүргізілген аудит бар болған кездегі елеулі бұрмалануларды әрқашан табатындығына кепіл болып табылмайды. Бұрмаланулар алаяқтық әрекеттер немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және де егер олар жеке немесе жиынтық түрінде осы жеке қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдерге ықпал етуі негізді түрде жорамалданса, маңызды болып саналады.

АХС-ға сәйкес жүргізілген аудит шеңберінде біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және аудит бойы кәсіби күмәншілдікті сақтаймыз. Одан бөлек біз келесілерді орындаймыз:

- алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан жеке қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелін анықтаймыз және бағалаймыз және де осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді өзірлейміз және өткіземіз және де біздің пікірімізді білдіру үшін негіз болатын жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдер аламыз. Алаяқтық әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтамау тәуекелі қателіктер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтамау тәуекелінен жоғары, өйткені алаяқтық әрекеттер сөз байласу, жалғандық, қасақана өткізу, ақпаратты немесе әрекетті бұрмалап көрсетулерді немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өтуді қамтуы мүмкін;
- жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді өзірлеу мақсатымен, бірақ Банктің ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатынсыз, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесінің түсінігін аламыз;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін және басшылықпен дайындалған ашып көрсетілген ақпаратты бағалаймыз;
- басшылықтың бухгалтерлік есептің үздіксіз қызмет негізін қолдануының заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз және де алынған аудиторлық дәлелдер негізінде Банктің үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетіне елеулі күмән туғызуы мүмкін оқиғалар немесе шарттарға байланысты елеулі белгісіздіктің бар-жоқтығы туралы қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздік бар деген қорытындыға келсек, біздің аудиторлардың есебінде жеке қаржылық есептіліктегі сәйкес ашып көрсетілген ақпаратқа назар аудартуымыз керек немесе осындай ашып көрсетілген ақпарат орынсыз болса, пікірімізді түрлендіруіміз керек. Біздің қорытындыларымыз біздің аудиторлардың есебінің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда болашақ оқиғалар немесе шарттар Банктің үздіксіз қызметті жалғастыру қабілетінің жоғалуына өкелуі мүмкін;
- жеке қаржылық есептіліктің ашып көрсетілген ақпараты енетін бүтіндей ұсынылуын, құрылымы мен мазмұнын, және де жеке қаржылық есептіліктің негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды өділ ұсынылуын қамтамасыз етілетіндей көрсетуін бағалаймыз.

Біз басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға, тым болмағанда, аудиттің жоспарланған көлемі мен уақытын, сондай-ақ, біз аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері енетін аудиттің елеулі табуларын айтып білдіре отырамыз.



«Банк ЦентрКредит» акционерлік қоғамы
Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі
5-бет

Біз, сонымен қатар, басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты сәйкес әдептілік талаптарын орындағанымыз туралы мәлімдеме береміз және барлық қарым-қатынастар мен біздің тәуелсіздігімізге ықпал етеді деп негізді түрде санауға болатын өзге мәселелер және де сәйкес жағдайларда соған қатысты қорғау шаралары туралы айтып білдіре отырамыз.

Басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға айтып білдірген мәселелер арасынан біз ағымдағы кезеңнің жеке қаржылық есептілігінің аудитінде ең маңызды болған және сәйкесінше негізгі аудит мәселелері болып табылатын мәселелерді анықтаймыз. Біз бұл мәселелер туралы ақпаратты көпшілікке ашып көрсету заңмен немесе нормативтік актілермен тыйым салынған немесе қандай да бір мәселенің біздің есебімізде хабарлануының жағымсыз салдарлары қоғамдық маңызды пайдадан асып түседі деп негізді түрде жорамалданғандықтан мұндай мәселе біздің есепте хабарланбауы тиіс деп анықтаған өте сирек жағдайлардан басқа кезде осы мәселелерді біздің аудиторлардың есебінде сипаттаймыз.


Аудиттің нәтижесі болып табылатын тәуелсіз аудиторлардың есебінің келісім партнері:



Урдаева А. А.
Қазақстан Республикасының
сертификатталған аудитору
2012 жылдың 27 тамызда берілген
№ МФ-0000096 аудитордың біліктілік куәлігі

«КПМГ Аудит» ЖШС

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі аудиторлық қызмет жүргізу үшін
2006 жылдың 6 желтоқсанында берген мемлекеттік лицензияның №0000021



Деметьев С. А.
«КПМГ Аудит» ЖШС Жарғы негізінде
өрекет ететін Бас директоры

2023 жылдың 5 сәуірі

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2022 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ ПАЙДА МЕН ЗАЛАЛ ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП

(акцияға шаққандағы теңгемен көрсетілген пайданы есептемегенде, қазақстандық миллион теңгемен)

	Ескертпе	2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл	2021 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалану арқылы есептелген пайыздық кірістер		268,162	142,602
Пайыздық шығыс		(148,388)	(80,305)
Пайыздық активтер бойынша күтілетін кредиттік залалға бөлінген резерв құрғанға дейінгі таза пайыздық кіріс	6	119,774	62,297
Клиенттер мен банктерге берілген несиелер бойынша күтілетін кредиттік залалға бөлінген резерв құру	7	(41,089)	(25,769)
Таза пайыздық кіріс		78,685	36,528
Қызметтер бойынша кіріс және комиссиялар	8	47,142	27,052
Қызметтер бойынша шығыс және комиссиялар	8	(21,079)	(11,179)
Таза комиссиялық кіріс		26,063	15,873
Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша көрсетілетін қаржы құралдары бойынша таза (залал)/пайда	9	(5,808)	2,640
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін сатудан және өтеуден түскен таза пайда		360	1,409
Шетел валютасымен жүргізілген операциялар бойынша таза пайда	10	57,479	9,233
Банктердегі өзге қаржы активтері мен қаражаттары бойынша күтілетін кредиттік залалдарға арналған резерв		1,542	(1,523)
Өзге қаржылық емес активтер бойынша құнсызданудан болған залал	18	(3,113)	-
Кредиттік сипаттағы міндеттемелер бойынша резерв	29	(6,883)	(532)
Дивидендтік кіріс	4	81,000	932
Өзге шығыс		(3,661)	(906)
Таза пайызсыз кіріс		146,979	27,126
Операциялық кіріс		225,664	63,654
Операциялық шығыс	11	(73,919)	(44,367)
Салық салынғанға дейінгі операциялық пайда		151,745	19,287
Табыс салығы бойынша шығыс	12	(6,830)	(387)
Бір жылдағы пайда		144,915	18,900
Бір акцияға шаққандағы пайда			
Базалық (теңге)	25	791.34	114.86
Бытыранқы (теңге)	25	790.94	114.87

Банк Басқармасы 8-102-беттерде ұсынылған осы жекелеген қаржылық есептілікті 2023 жылғы 5 сәуірде бекітті және оның атынан қол қойды:


Владимир Р.Б.
 Басқарма төрағасы
 (Президент)


Тенизов Р.Б.
 Басқарма төрағасының
 Бірінші орынбасары,
 Басқарма мүшесі
 (Бірінші Вице-президент)


Нурғалиева А.Т.
 Бас бухгалтер

5 сәуір 2023 жыл
 Алматы қ., Қазақстан

5 сәуір 2023 жыл
 Алматы қ., Қазақстан

5 сәуір 2023 жыл
 Алматы қ., Қазақстан

15-102-беттердегі түсіндірме ескертпелер осы жекелеген қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП

(акцияға шаққандағы теңгемен көрсетілген пайданы есептемегенде, қазақстандық миллион теңгемен)

	2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл	2021 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл
БІР ЖЫЛДАҒЫ ПАЙДА	144,915	18,900
ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС		
<i>Кейіннен пайда немесе залал ретінде қайта жіктелуі мүмкін емес баптар:</i>		
Жер телімдері мен ғимараттарды қайта бағалау	-	-
<i>Қайта жіктелген немесе кейіннен пайда немесе залал ретінде қайта жіктелуі мүмкін баптар:</i>		
Кезең ішіндегі инвестициялық бағалы қағаздарды қайта бағалаудан түскен таза пайда (салықтарды шегергенде)	(21,852)	(1,626)
Кезең ішінде өткізілген инвестициялық бағалы қағаздар бойынша қайта жіктеу (салықтарды шегергенде – нөл тенге)	(360)	(1,409)
<i>Қайта жіктелген немесе кейіннен пайда немесе залал құрамына қайта жіктелуі мүмкін барлық баптар</i>	<i>(22,212)</i>	<i>(3,035)</i>
ТАБЫС САЛЫҒЫН ШЕГЕРГЕНДЕГІ ӨЗГЕ ЖИЫНТЫҚ КІРІС	(22,212)	(3,035)
БІР ЖЫЛДАҒЫ ЖАЛПЫ ЖИЫНТЫҚ КІРІС	122,703	15,865

Банк Басқармасы 8-102-беттерде ұсынылған осы жекелеген қаржылық есептілікті 2023 жылғы 5 сәуірде бекітті және оның атынан қол қойды:


Владимиров Р.В.
 Басқарма төрағасы
 (Президент)


Тенизов Р.Б.
 Басқарма төрағасының
 Бірінші орынбасары,
 Басқарма мүшесі
 (Бірінші Вице-президент)


Нургалиева А.Т.
 Бас бухгалтер

5 сәуір 2023 жыл
Алматы қ., Қазақстан

5 сәуір 2023 жыл
Алматы қ., Қазақстан

5 сәуір 2023 жыл
Алматы қ., Қазақстан

15-102-беттердегі түсіндірме ескертпелер осы жекелеген қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП

(қазақстандық миллион теңгемен)

	Ескертпе	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
АКТИВТЕР:			
Ақша қаражаты және оның баламалары	13	1,116,217	260,602
Инвестициялық бағалы қағаздар	14		
Банк меншігіндегі		837,097	438,322
Банктердің несиелері бойынша кепілге салынған		76,318	31,136
Банктердегі қаражат	15	54,536	12,997
Еншілес компанияларға инвестициялар	16	54,229	52,307
Клиенттер мен банктерге берілген несиелер	17		
Корпоративтік клиенттерге берілген несиелер		784,439	536,377
Жеке клиенттерге берілген несиелер		1,277,359	640,956
Ағымдағы табыс салығы бойынша активтер		496	208
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	18	57,408	29,611
Өзге активтер	19	63,548	63,981
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ		4,321,647	2,066,497
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ МЕНШІКТІ КАПИТАЛ			
МІНДЕТТЕМЕЛЕР:			
Банктер мен қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері	20	151,885	55,371
Клиенттердің қаражаты	21		
Корпоративтік клиенттердің қаражаты		1,362,327	573,587
Жеке клиенттердің қаражаты		1,915,418	782,121
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	22	98,309	108,652
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттемелер	12	11,151	10,587
Тәртіптелген облигациялар	23	60,539	64,004
Өзге міндеттемелер	24	447,806	324,888
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ		4,047,435	1,919,210
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ:			
Жарғылық капитал	25	65,842	65,842
Бағалы қағаздардың әділ құнының өзгеру резерві		(23,320)	(1,108)
Негізгі құралдарды қайта бағалаудан құралған резерв		829	354
Бөлінбеген пайда		230,861	82,199
Меншікті капиталдың жиыны		274,212	147,287
МІНДЕТТЕМЕЛЕР МЕН МЕНШІКТІ КАПИТАЛДЫҢ ЖИЫНЫ		4,321,647	2,066,497

Банк Басқармасы 8-102-беттерде ұсынылған осы жекелеген қаржылық есептілікті 2023 жылғы 5 сәуірде бекітті және оның атынан қол қойды:


Владимиров Р.В.
 Басқарма төрағасы
 (Президент)


Тенизов Р.Б.
 Басқарма төрағасының
 Бірінші орынбасары,
 Басқарма мүшесі
 (Бірінші Вице-президент)


Нурғалиева А.Т.
 Бас бухгалтер

5 сәуір 2023 жыл
 Алматы қ., Қазақстан

5 сәуір 2023 жыл
 Алматы қ., Қазақстан

5 сәуір 2023 жыл
 Алматы қ., Қазақстан

15-102-беттердегі түсіндірме ескертпелер осы жекелеген қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

«БАНК ЦЕНТКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП (қзақстандық миллион теңгемен)

	Жарғылық капитал	Әділ құнының өзгеруінен құралған резерв	Негізгі құралдарды қайта бағалау	Бөлінбеген пайда	Меншікті капитал жаныны
2021 жылғы 1 қантардағы қалдық	63,436	1,927	1,990	61,663	129,016
Жалпы жиынтық кіріс					
Бір жылдағы пайда	-	-	-	18,900	18,900
Өзге жиынтық кіріс					
Қайта жіктелген немесе кейіннен пайда немесе залал ретінде қайта жіктелуі мүмкін баптар:					
Әділ құнның таза өзгеруі	-	(3,035)	-	-	(3,035)
Қайта жіктелген немесе кейіннен пайда немесе залал құрамына қайта жіктелуі мүмкін барлық баптар	-	(3,035)	-	-	(3,035)
Бір жылдағы жалпы жиынтық кіріс	-	(3,035)	-	18,900	15,865
Меншікті капиталдағы өзге өзгерістер					
Амортизация және шығындар нәтижесінде қайта бағалаудан пайда болған соманы көшіру	-	-	(1,636)	1,636	-
Меншікті капиталдағы барлық өзге өзгерістер	-	-	(1,636)	1,636	-
Меншікті капиталдың құрамында тікелей көрсетілген меншік иелерімен операциялар					
Меншікті акцияларды шығару (25-ескертпе)	2,406	-	-	-	2,406
Меншік иелерімен болған барлық операциялар	2,406	-	-	-	2,406
2021 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	65,842	(1,108)	354	82,199	147,287

15-102-беттердегі түсіндірме ескертпелер осы жекелеген қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

«БАНК ЦЕНТМКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП (құзақстандық миллион теңгемен)

	Жарғылық капитал	Әділ құнының өзгеруінен құралған резерв	Негізгі құралдарды қайта бағалау	Бөлінбеген пайда	Меншікті капитал жиыны
2022 жылғы 1 қантардағы қалдық	65,842	(1,108)	354	82,199	147,287
Жалпы жиынтық кіріс	-	-	-	144,915	144,915
Бір жылдағы пайда	-	-	-	-	-
Өзге жиынтық кіріс	-	-	-	-	-
Қайта жіктелген немесе кейіннен пайда немесе залал ретінде қайта жіктелуі мүмкін баптар:	-	(22,212)	-	-	(22,212)
Әділ құнын таза өзгеруі	-	-	-	-	-
Қайта жіктелген немесе кейіннен пайда немесе залал құрамына қайта жіктелуі мүмкін барлық баптар	-	(22,212)	-	-	(22,212)
Бір жылдағы жалпы жиынтық кіріс	-	(22,212)	-	144,915	122,703
Меншікті капиталдағы өзге өзгерістер	-	-	-	-	-
Амортизация және шығындар нәтижесінде қайта бағалаудан пайда болған соманы көшіру	-	-	475	(475)	-
Меншікті капиталдағы барлық өзге өзгерістер	-	-	475	(475)	-
Меншікті капиталдың құрамында тікелей көрсетілген меншік иелерімен операциялар	-	-	-	-	-
Бизнесісті біріктіру нәтижесінде пайда болған әсер (4-ескертпе)	-	-	-	4,222	4,222
Меншік иелерімен болған барлық операциялар	-	-	-	4,222	4,222
2022 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	65,842	(23,320)	829	230,861	274,212

Банк Басқармасы 8-102-беттерде ұсынылған осы жекелеген қаржылық есептілікті 2023 жылғы 5 сәуірде бекітті және оның атынан қол қойды:

Владимиров Р.В.
Басқарма төрағасы
(Президент)

Тенизов Р.Б.
Басқарма төрағасының
Бірінші орынбасары,
Басқарма мүшесі
(Бірінші Вице-президент)

5 сәуір 2023 жыл
Алматы қ., Қазақстан

5 сәуір 2023 жыл
Алматы қ., Қазақстан

15-102-беттердегі түсіндірме ескертпелер осы жекелеген қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП

(қазақстандық миллион теңгемен)

	2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл	2021 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:		
Алынған пайыздар	249,941	139,736
Төленген пайыздар	(134,709)	(76,592)
Қызметтер бойынша алынған кіріс және комиссиялар	46,559	28,395
Қызметтер бойынша төленген шығыс және комиссиялар	(19,591)	(10,259)
Туынды құралдармен операциялар бойынша таза (төлемдер)/түсімдер	(5,808)	2,640
Шетел валютасымен операциялар бойынша таза пайда	46,255	6,636
Өзге (шығыстар)/кірістер бойынша (төлемдер)/түсімдер	(4,675)	(680)
Алынған дивидендтер	81,000	932
Төленген операциялық шығыс	(66,513)	(39,998)
Операциялық активтер мен міндеттемелердің өзгеруіне дейін операциялық қызметтен ақша қаражатының түсуі	192,459	50,810
Операциялық активтерді өзгеруі:		
Банктердегі қаражат	(48,013)	50,662
Клиенттер мен банктерге берілген несиелер	(556,186)	(56,540)
Өзге активтер	23,719	4,116
Операциялық міндеттемелердің өзгеруі:		
Банктер мен қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері	95,227	(61,632)
Клиенттердің қаражаты	1,612,644	153,834
Өзге міндеттемелер	19,192	(2,037)
Салық салынғанға дейін операциялық қызметтен түскен ақша қаражаты	1,339,042	139,213
Төленген табыс салығы	(6,266)	-
Операциялық қызметтен ақша қаражаты ағынының таза түсімі	1,332,776	139,213
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:		
Бизнесі біріктіру нәтижесінде сатып алынған ақша қаражаты және оның баламалары бизнесов (4-ескертпе)	52,298	-
Еншілес ұйымды сатып алу	(50,000)	-
Инвестициялық бағалы қағаздарды өтеуден және сатудан түсетін түсімдер	2,488,662	612,282
Инвестициялық бағалы қағаздарды сатып алу	(2,946,158)	(766,978)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу	(13,912)	(4,077)
Негізгі құралдарды сатудан түсетін түсім	105	50
Еншілес ұйымдардың жарғылық капиталына жарналар	76	(4,000)
Инвестициялық қызметте ақша қаражаты ағындарын таза пайдалану	(468,929)	(162,723)

15-102-беттердегі түсіндірме ескертпелер осы жекелеген қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЖЕКЕЛЕГЕН ЕСЕП (қазақстандық миллион теңгемен)

	2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл	2021 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:		
Меншікті акциялар шығарудан түсетін түсім, нетто	-	2,406
Шығарылған борыштық бағалы қағаздардан түскен түсім	13,879	5,300
Шығарылған борыштық бағалы қағаздарды сатып алу және өтеу	(29,040)	(8,418)
Шығарылған тәртіптелген облигацияларды өтеу	(5,000)	-
Жалдау бойынша міндеттемелерді өтеу	(151)	-
Қаржылық қызметте ақша қаражаты ағындарын таза пайдалану	(20,312)	(712)
Шетел валюталары бағамының ақша қаражатына және оның баламаларына қатысты өзгеруінің әсері	12,080	6,082
АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫНЫҢ ТАЗА АРТУЫ/(АЗАЮЫ)	855,615	(18,140)
АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, жыл басында	260,602	278,742
АҚША ҚАРАЖАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, жыл соңында (Примечание 13)	1,116,217	260,602

Банк Басқармасы 8-102-беттерде ұсынылған осы жекелеген қаржылық есептілікті 2023 жылғы 5 сәуірде бекітті және оның атынан қол қойды:

 Владимиров Р.В. Басқарма төрағасы (Президент)	 Тенизов Р.Б. Басқарма төрағасының Бірінші орынбасары, Басқарма мүшесі (Бірінші Вице-президент)	 Нурғалиева А.Т. Бас бухгалтер
5 сәуір 2023 жыл Алматы қ., Қазақстан	5 сәуір 2023 жыл Алматы қ., Қазақстан	5 сәуір 2023 жыл Алматы қ., Қазақстан

15-102-беттердегі түсіндірме ескертпелер осы жекелеген қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР

(егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

1. КІРІСПЕ

(а) Негізгі қызмет

«Банк ЦентрКредит» АҚ (бұдан әрі – «Банк») 1988 жылдан бастап Қазақстан Республикасында құрылған және өз қызметін жүзеге асыратын акционерлік қоғам болып табылады. Банктің қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі. Банкке қатысты уәкілетті мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (ҚНА) болып табылады. Банк өз қызметін 2020 жылғы 3 ақпандағы жаңартылған №1.2.25/195/34 лицензияға сәйкес жүзеге асырады.

Банктің негізгі қызметі – коммерциялық банк қызметін жүргізу, бағалы қағаздармен, шетел валютасымен және туынды құралдармен операцияларды жүзеге асыру, несиелер мен кепілдіктер беру.

Банк Қазақстандық Депозиттерге кепілдік беру қорының мүшесі болып табылады.

Банктің тіркелген кеңсесі Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 38 мекенжайында орналасқан.

Банктің 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасында 20 филиалы болған (2021 жылғы 31 желтоқсан: 19 филиал).

2022 жылғы 31 желтоқсандағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарапайым акциялардың саны келесідей бөлінді:

	2022 жылғы 31 желтоқсан %	2021 жылғы 31 желтоқсан %
Байсеитов Б.Р.	49.04	50.16
Ли В.С.	11.29	11.55
Аманкулов Д.Р.	3.47	3.55
Басқалар (акциялардың кемінде 5%-ын жеке иеленетіндер)	36.20	34.74
	100.00	100.00

Банктің 2021 жыл ішінде қосымша капиталдандыру шенберінде 2,405,740,800 теңге сомасына 8,019,136 жарияланған қарапайым акция орналастырылды.

Банк 2022 жылғы 5 мамырда «Альфа-Банк» ЕБ АҚ-ның 100% қарапайым акциясын сатып алды. 2022 жылғы 13 мамырда заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу жүргізілді және «Альфа-Банк» ЕБ АҚ-ның атауы «Есо Center Bank» АҚ болып өзгертілді. 2022 жылғы 2 қыркүйекте «Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – «ҚНРЖДА») Банкке «Эко Центр Банк» АҚ еншілес банкінің Банкке қосылуы нысанында ерікті қайта ұйымдастыруға рұқсат беру туралы қаулы шығарды. 2022 жылғы 5 қыркүйекте табыстау актісіне сәйкес «Есо Center Bank» АҚ-ның Банкке қосылуы нысанында қайта ұйымдастыру нәтижесінде құқықтар мен міндеттердің ауысуы жүргізілді. (4-ескертпе).

Осы жекелеген қаржылық есептілікті «Банк ЦентрКредит» АҚ-ның Басқармасы 2023 жылғы 5 сәуірде бекітті.

(б) Қазақстан Республикасында шаруашылық қызметті жүзеге асыру талаптары

Банктің қызметі негізінен Қазақстанда жүзеге асырылады. Тиісінше, дамушы нарықтың ерекшеліктеріне тән Қазақстанның экономикасы мен қаржы нарығы бизнес-топтарға әсер етеді. Құқықтық, салықтық және әкімшілік жүйелер дамуын жалғастыруда, алайда олардың талаптарын түсіндірудің екіұштылығы тәуекелімен ұштасады, олар сондай-ақ жиі өзгерістерге ұшырайды, бұл басқа заңдық және фискалдық кедергілермен бірге Қазақстанда бизнес жүргізетін кәсіпорындар үшін қосымша қиындықтар туғызады. Қазақстандық теңгенің құнсыздануы және әлемдік нарықтағы мұнай бағасының тұрақсыздығы да шаруашылық қызметті жүзеге асыру талаптарының белгісіздік деңгейін арттырады. Жакында Ресей мен Украина төңірегіндегі тұрақсыз геосаяси жағдай Қазақстандағы экономикалық белгісіздік деңгейін одан әрі арттырды.

2022 жылдың ақпанында Ресей Федерациясы мен Украина арасындағы әскери қақтығысқа байланысты бірқатар елдер Ресей Федерациясына қарсы санкциялар енгізді. Қақтығыстың әсері екі елдің экономикалық белсенділігіне ғана емес, жаһандық экономикаға да әсер етеді. Санкцияларды енгізу нәтижесінде әлемнің көптеген елдерінде шикізат пен азық-түлік тауарларының бағасы өсті, ресурстарды жеткізу арасындағы белгіленген байланыстар бұзылды, бағаларға инфляциялық әсер байқалды, сарапшылар әлемдік өнеркәсіп үшін экономикалық салдарды да болжайды.

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

(егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

1. КІРІСПЕ, ЖАЛҒАСЫ

(б) Қазақстан Республикасында шаруашылық қызметті жүзеге асыру талаптары, жалғасы

Ұсынылған жекелеген қаржылық есептілік басшылықтың қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асырудың қазіргі жағдайларының Банктің қызметінің нәтижелері мен қаржылық жағдайына ықтимал әсерін бағалауын көрсетеді. Болашақ шаруашылық жағдайларының нақты әсері басшылықтың оларды бағалауынан өзгеше болуы мүмкін.

2. ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ЖАСАУ ҚАҒИДАТТАРЫ

(а) ҚЕХС-ке сәйкестігі туралы мәлімдеме

Қоса беріліп отырған жекелеген қаржылық есептілік Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары жөніндегі кеңес (бұдан әрі – «ҚЕХС стандарттары») шығарған ҚЕХС-ке сәйкес дайындалды. Банк сондай-ақ Банктің тіркелген кеңсесінде алынуы мүмкін ҚЕХС-ке сәйкес 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жекелеген қаржылық есептілікті дайындайды.

(б) Құнды анықтауға арналған база

Жекелеген қаржылық есептілік өзгерістері пайда немесе залал құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша және әділ құн бойынша көрсетілген, өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарын, сондай-ақ ұлғаюы негізгі құралдарды қайта бағалаудан болған әділ құн бойынша бағаланатын ғимараттар мен құрылыстарды қоспағанда, нақты шығын бойынша есепке алу қағидатына сәйкес дайындалды.

(в) Функционалдық валюта және есептілікті ұсыну валютасы

Банктің және оның еншілес кәсіпорындарының функционалдық валютасы қазақстандық теңге болып табылады. Ол Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы бола отырып, Банк жүргізетін операциялар мен оның қызметіне әсер ететін соған байланысты жағдайлардың көпшілігінің экономикалық мәнін жақсы ашып көрсетеді.

Сонымен қатар қазақстандық теңге осы жекелеген қаржылық есептіліктің деректерін көрсететін валюта болып табылады.

Жекелеген қаржылық есептіліктің барлық деректері миллион теңгеге дейінгі дәлдікпен дөңгелектелген.

(г) Кәсіби пайымдауды, есептік бағалаулар мен жорамалды пайдалану

Басшылық осы жекелеген қаржылық есептілікті дайындау кезінде Банктің есеп саясатын қолдануға және жекелеген қаржылық есептілікте ұсынылған активтер мен міндеттемелердің, кіріс пен шығыстың мөлшеріне әсер ететін кәсіби пайымдауларды, жорамал мен есептік бағалауды пайдаланды. Нақты нәтижелер көрсетілген бағалаудан өзгеше болуы мүмкін.

Бағалау және олардың негізінде жатқан жорамалдар тұрақты түрде қайта қаралады. Бағалаулардағы түзетулер тиісті бағалаулар қайта қаралған есепті кезеңде және олар қозғайтын кез келген кейінгі кезеңдерде танылады.

Пайымдаулар

Жекелеген қаржылық есептілікте танылған шамаларға неғұрлым елеулі әсер еткен есеп саясатын қолдану кезінде пайдаланылған пайымдаулар туралы ақпарат мынадай ескертпелерде ашылады:

- қаржы активтерінің жіктелуі: қаржы активтері ұсталатын бизнес-модельді бағалау және қаржы активінің шартты талаптары тек қана негізгі соманы және негізгі соманың өтелмеген қалдығына есептелген пайызды төлеуді көздейтінін немесе көздемейтінін бағалау – 3(е)(і) ескертпе;
- қаржы активі бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекелдің айтарлықтай жоғарылауы болғанын бағалау критерийлерін белгілеу, болжамды ақпаратты ККЗ-ны бағалауға болжамды ақпаратты енгізу әдістемесін анықтау, сондай-ақ ККЗ-ны бағалау үшін пайдаланылатын модельдерді таңдау және бекіту – 4-ескертпе.

Жорамалдар және бағалау бойынша тұрлаусыздық

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша жекелеген қаржылық есептілікте деректердің елеулі түзетілуіне себеп болатын айтарлықтай тәуекел орын алатын тұрлаусыздыққа қатысты жорамалдар мен бағалаулар туралы ақпарат келесі ескертпелерде ашылған:

- қаржы құралдарының құнсыздануы: ККЗ-ны бағалау моделі үшін бастапқы деректерді анықтау, оның ішінде болжамды ақпаратты қосу – 5-ескертпе;

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР

(егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

2. ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ЖАСАУ ҚАҒИДАТТАРЫ, ЖАЛҒАСЫ

(г) Кәсіби пайымдауды, есептік бағалаулар мен жорамалды пайдалану, жалғасы

Жорамалдар және бағалау бойынша тұрлаусыздық, жалғасы

- клиенттерге берілген несиелердің құнсыздануына қатысты бағалау – 17-ескертпе;
- алынған қамтамасыз етудің әділ құнын бағалау – 19-ескертпе;
- ашу мақсатында қаржылық активтер мен міндеттемелердің әділ құнын бағалау – 32-ескертпе.

(д) Салыстырмалы деректерді ұсыну

Салыстырмалы деректер 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша жекелеген қаржылық есептілікті ұсынудағы өзгерістерге сәйкестендіру мақсатында түзетілді.

Өткен жылдың жылдық жекелеген қаржылық есептілігіне қайта жіктеу

Банктің 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша қаржылық есептілігін дайындау барысында Басшылық 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікті ұсыну тәртібіне сәйкестендіру мақсатында тиісті көрсеткіштерге әсер еткен белгілі бір қайта жіктеуді жүзеге асырды.

Пайыздық кіріс пен пайыздық шығыстың баптары берілген ипотекалық кредиттер бойынша пайыздық кірісті танудың толық әсерін көрсетеді (жалғасушы қатысудан болған актив, 17 (ж) ескертпені қараңыз) және «Баспана» пен «Баспана Хит» мемлекеттік бағдарламасы бойынша жалғасушы қатысудан болған міндеттеме бойынша пайыздық шығыс (17 (з) және 24-ескертпені қараңыз).

Қайта жіктеу нәтижесінде болатын өзгерістердің тиісті көрсеткіштерге әсері келесідей ұсынылуы мүмкін:

	Өткен кезеңдегі есептілікке сәйкес	Қайта жіктеудің әсері	Қайта жіктелді
Пайда және залал туралы жекелеген есеп			
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып есептелген пайыздық кіріс	134,576	8,026	142,602
Пайыздық шығыс	(72,279)	(8,026)	(80,305)
2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы жекелеген есеп			
Банктердегі қаражат	6,570	6,427	12,997
Өзге активтер	70,408	(6,427)	63,981
2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы ақша қаражаттарының қозғалысы туралы жекелеген есеп			
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы			
Алынған пайыз	131,710	8,026	139,736
Төленген пайыз	(68,566)	(8,026)	(76,592)
Банктердегі қаражат	57,089	(6,427)	50,662
Өзге активтер	(2,311)	6,427	4,116
Операциялық қызметтен ақша ағындарының таза түсімі	139,213	-	139,213

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Бұдан әрі сипатталған есеп саясатының ережелерін Банк осы жекелеген қаржылық есептілікте ұсынылған барлық есепті кезеңдерде бірізді қолданған.

(а) Еншілес ұйымдарға инвестицияларды жекелеген қаржылық есептілікте есепке алу

Еншілес ұйымдар Банктің бақылауындағы инвестициялар объектілері болып табылады. Егер Банк инвестициялар объектісіне қатысудан түсетін ауыспалы табысқа байланысты тәуекелге ұшыраса немесе осындай табыс алуға құқығы болса, сондай-ақ инвестициялар объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін пайдалану арқылы көрсетілген табыстың шамасына ықпал ету қабілеті болса, Банк инвестициялар объектісін бақылайды. Еншілес ұйымдарға инвестициялар Банктің жекелеген қаржылық есептілігіндегі құнсыздануды шегергендегі нақты құны бойынша есепке алынады.

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР

(егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(а) Еншілес ұйымдарға инвестицияларды жекелеген қаржылық есептілікте есепке алу, жалғасы

Жалпы бақылаудағы бизнесті біріктіруді есепке алу

Жалпы бақылаудағы компаниялардың қосылуы барлық біріккен бизнес субъектілерін, сайып келгенде, бір Тарап немесе Тараптар, бизнес біріктірілгенге дейін де, одан кейін де бақылайтын және уақытша бақылауға жатпайтын бизнесті біріктіру болып табылады.

Банк жалпы бақылаудағы компаниялардың қосылу әсерін үлестерді біріктіру әдісі бойынша ескереді: қосылатын компаниялардың активтері мен міндеттемелері қосылу күніндегі олардың баланстық құны бойынша бағаланады, қосылуға байланысты транзакциялық шығындар пайда және залал туралы жекелеген есепте шығысқа жатқызылады, өзара баланстар алынып тасталады, төленген/берілген сатып алу бағасы мен сатып алынған таза активтердің құны арасындағы кез келген айырма (олардың баланстық құны бойынша жекелеген қаржылық есептілікте ашылғандай) сатып алушының капиталында танылады.

(б) Пайыздық кіріс пен шығыс

Тиімді пайыздық мөлшерлеме

Пайыздық кіріс пен шығыс тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалану арқылы пайда немесе залал құрамында көрсетіледі. «тиімді пайыздық мөлшерлеме» - қаржы құралы қолданылатын күтілетін мерзім ішінде:

- Қаржылық активтің жалпы баланстық құнына; немесе
- Қаржылық міндеттеменің амортизациялық құнына дейін есептік болашақ акшалай төлемдерді немесе түсімдерді дәл дисконттайтын мөлшерлеме.

Сатып алынған немесе құнсызданған кредиттік активтермен құрылған болып табылмайтын қаржы құралдары бойынша тиімді пайыздық мөлшерлемені есептеген кезде, Банк осы қаржы құралының барлық шарттық талаптарын назарға ала отырып, бірақ күтілетін кредиттік залалды есепке алмай, акша қаражатының болашақ ағынын бағалайды. Сатып алынған немесе құнсызданған кредиттік активтермен құрылған қаржылық активтер үшін кредиттік тәуекелдер есепке алынып түзілетін тиімді пайыздық мөлшерлеме күтілетін кредиттік тәуекелдерді қосқанда, акша қаражатының болашақтағы ағынының шамасын пайдалана отырып есептеледі.

Тиімді пайыздық мөлшерлеменің есебіне мәміле бойынша шығындар, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын төлеген немесе алынған сыйақылар мен сомалар қосылады. Мәміле бойынша шығындарға қаржылық активті немесе қаржылық міндеттемені сатып алуға немесе шығаруға тікелей қатысы бар қосымша шығындар кіреді.

Амортизацияланған құны мен жалпы баланстық құны

Қаржылық активтің немесе қаржылық міндеттеменің «амортизацияланған құны» - бастапқы танылған кезде қаржылық актив пен қаржылық міндеттеме бағаланатын сома, минус негізгі борыш сомасы есебіне төленетін төлемдер, плюс немесе минус тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданылып есептелген, өтеу мерзімі басталған кезде көрсетілген бастапқы сома мен төленетін соманың арасындағы айырманың жиналған амортизациясының шамасы, сонымен қатар залалға бөлінген бағалау резерві есепке алынып түзетілген қаржылық активтерге қатысты қолданылады.

Амортизациялық құны бойынша бағаланатын «қаржылық активтің жалпы баланстық құны» - залалға бөлінген бағалау резервінің шамасына қатысты түзетілгенге дейінгі қаржылық активтің амортизацияланған құны.

Пайыздық кіріс пен шығыстың есебі

Қаржылық актив немесе қаржылық міндеттеме бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеме қаржылық активті немесе қаржылық міндеттемені бастапқы тану кезінде есептеледі. Пайыздық кіріс пен шығысты есептеген кезде тиімді пайыздық мөлшерлеме активтің жалпы баланстық құнының (актив құнсызданған кредиттік болып табылмайтын кезде) немесе міндеттеменің амортизацияланған құнының шамасына қатысты қолданылады. Тиімді пайыздық мөлшерлеме нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгерісін көрсету мақсатында пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы құралдар бойынша акша қаражаттары ағынын жүйелі түрде қайта бағалау нәтижесінде қайта қаралады. Тиімді пайыздық мөлшерлеме сонымен қатар тиісті түзетулерді амортизациялау басталатын күні әділ құнын хеджерлеуге байланысты түзетулерді көрсету үшін қайта қаралады.

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР

(егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(б) Пайыздық кіріс пен шығыс, жалғасы

Пайыздық кіріс пен шығыстың есебі, жалғасы

Алайда бастапқы танылғаннан кейін құнсызданған кредиттік болып танылған қаржылық активтер бойынша пайыздық кіріс тиімді пайыздық мөлшерлемені қаржылық активтің амортизацияланған құнына қолдану арқылы есептеледі. Егер қаржылық актив құнсызданған кредиттік болып табылмайтын болса, онда пайыздық кірістің есебі жалпы баланстық құнының негізінде қайта жүргізіледі.

Бастапқы танылғаннан кейін құнсызданған кредиттік болып танылған қаржылық активтер бойынша пайыздық кіріс кредиттік тәуекел есепке алынып түзілетін тиімді пайыздық мөлшерлемені қаржылық активтің амортизацияланған құнының шамасына қатысты қолдану арқылы есептеледі. Егер олар бойынша кредиттік тәуекел нәтижесінде азаятын болса, осындай активтер бойынша пайыздық кірістің есебі жалпы баланстық құнның негізінде жүзеге асырылмайды.

Қандай жағдайларда қаржылық активтер кредиттік құнсызданған болып табылатыны туралы ақпарат (л) бөлімінде көрсетілген.

Дивидент түріндегі кіріс дивидент жарияланған күнгі пайданың немесе заладың құрамында көрсетіледі.

Ақпаратты ұсыну

Тиміді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалану арқылы есептелген, пайда және залал туралы жекелеген есепте көрсетілген пайыздық кірістерге төмендегілер қосылады:

- амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер бойынша пайыздық кірістер;
- өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық қаржы құралдары бойынша пайыздық кірістер.

Жекелеген пайда мен залал туралы есепте көрсетілген пайыздық шығысқа мыналар жатады:

- амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер бойынша пайыздық шығыс.

(в) Комиссиялық кіріс пен шығыс

Қаржылық актив пен қаржылық міндеттеме бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялық кірістер мен шығыстар тиімді пайыздық мөлшерлеменің есебіне қосылады (3 (б) ескертпені қараңыз).

Өзге комиссиялық кірістер, оған қоса шоттарға қызмет көрсету бойынша комиссия, инвестицияларды басқару қызметі үшін алынатын сыйақы, сатылымдардан түсетін комиссиялық сыйақылар, синдикатталған кредитті орналастыру және ұйымдастыру үшін алынатын комиссия тіпті қызметті ұсыну шамасына қарай танылады. Егер қарыз беру бойынша міндеттемелер аясында қарыз алушыға кредит берудің жоғары ықтималдығы болмаса, онда қарыз беру үшін алынатын комиссиялық төлемдер қарыз беру бойынша міндеттеменің қолданыс мерзімі ішінде біркелкі танылады.

Банктің жекелеген қаржылық есептілігінде танылған қаржы құралы нәтижесі болып танылатын, сатып алушымен жасалған шарт ішінара 9-ҚЕХС-ті (IFRS) қолдану саласына және ішінара 15-ҚЕХС-ті (IFRS) қолдану саласына қатысты қолданылуы мүмкін. Бұл жағдайда Банк алдымен шрттың 9-ҚЕХС-ті (IFRS) қолдану саласына қатысты бөлігін бөліп, бағалау үшін 9-ҚЕХС-ті (IFRS) қолданады, кейін шарттың қалған бөлігіне қатысты 15-ҚЕХС-ті (IFRS) қолданады.

Өзге комиссиялық шығыстар басты негізде тиісті қызметті алу шамасы бойынша шығыстарға жататын, мәмілені сүйемелдеу және оған қызмет көрсету шығындарын қамтиды.

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР

(егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(г) Шетел валютасы

Шетел валютасындағы операциялар

Шетел валютасымен жүргізілетін операциялар операция жүргізілетін күні қолданыста болатын валюта бағамдары бойынша Банктің сәйкес функционалдық валюталарына аударылады.

Есепті күнгі жай-күй бойынша шетел валютасымен көрсетілетін монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күні қолданылған валюта бағамы бойынша функционалдық валютаға аударылады. Шетел валютасымен көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелермен жүргізілген операциялардан түскен пайда немесе болған залал кезең басындағы жай-күйі бойынша функционалдық валютамен, тиімді мөлшерлеме бойынша есептелген пайыздың шамасына түзетілген амортизациялық құн және кезең ішіндегі төлемдер мен есепті кезеңнің соңындағы жай-күйі бойынша валюта бағамымен функционалдық валютаға аударылған шетел валютасымен көрсетілген амортизациялық құн арасындағы айырманы білдіреді.

Шетел валютасымен көрсетілген, әділ құны бойынша бағаланатын монетарлық емес активтер мен міндеттемелер әділ құнын айқындайтын күні қолданылған валюта бағамы бойынша функционалдық валютаға аударылады. Шетел валютасымен көрсетілген және нақты шығын бойынша көрсетілген монетарлық емес активтер мен міндеттемелер операция жүргізетін күні қолданылған валюта бағамы бойынша функционалдық валютаға аударылады.

Шетел валютасы аудару нәтижесінде туындаған бағамдық айырмалар басқа да жиынтық кіріс құрамында көрсетіледі. Өзге жиынтық кіріс құрамында көрсетілген бағамдық айырма пайда немесе залал құрамында қайта жүктелетін, айырма құнсыздану салдарынан болған жағдайларды қоспағанда, қолдағы сатуға арналған үлестік қаржы құралдарын аударған кезде туындайтын айырмашылықтарды қоспағанда, шетел валютасына аудару нәтижесінде пайда болатын бағамдық айырма пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Төменде Банк жекелеген қаржылық есептілікті жасаған кезде пайдаланған жыл соңындағы айырбастау бағамдары берілген:

	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
Теңге/еуро	492.86	489.10
Теңге/АҚШ доллары	462.65	431.80

(д) Ақша қаражаты және оның баламалары

Ақша қаражатына және оның баламаларына ҚРҰБ-дағы және басқа банктердегі қолма-қол банкноттар мен монеталар, бос қалдықтар («Ностро» түріндегі шоттар), сондай-ақ әділ құнының өзгеруінің айтарлықтай тәуекеліне ұшырамайтын және Банк қысқамерзімді міндеттемелерді реттеу үшін пайдаланатын бастапқы өтеу мерзімі 3 (үш) айдан кем өтімділігі жоғары қаржылық активтері кіреді. Ақша қаражаты мен оның баламалары қаржылық жағдай туралы жекелеген есепте амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі.

(е) Қаржы құралдары

(і) Қаржы құралдарын жіктеу

Бастапқы танылған кезде қаржылық актив амортизациялық құны бойынша не болмаса өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша, не болмаса пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланады деп жіктеледі.

Қаржы активі төменде көрсетілген шарттың екеуіне де сәйкес келгенде және Банктің ұйғарымы бойынша пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктелмеген жағдайда ғана амортизациялық құн бойынша бағаланады:

- актив шартта көзделген ақша қаражаты ағындарын алу арқылы максатқа қол жеткізуге болатын бизнес-модель шеңберінде ұсталады; және
- қаржы активінің шарттық талаптарында борыштың негізгі сомасын және негізгі соманың өтелмеген бөлігіне есептелген пайыздарды ғана төлеуді білдіретін ақша қаражаты ағындарының белгіленген мерзімдерде туындауын көздейді.

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР

(егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(е) Қаржы құралдары, жалғасы

(і) Қаржы құралдарын жіктеу, жалғасы

Борышқорлық құралы төменде көрсетілген шарттың екеуіне де сәйкес келіп, Компанияның қалауы бойынша пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланған ретінде жіктелмеген жағдайда ғана, ол өзге де жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланады:

- актив бизнес-модель шеңберінде шартта көзделген ақша қаражатының ағындарын алу арқылы да, қаржы активтерін сату арқылы да қол жеткізу мақсатында ұсталады;
- қаржы активінің шарттық талаптарында белгіленген мерзімде қарыздың негізгі сомасын және негізгі соманың өтелмеген бөлігіне есептелген пайызды төлеуді білдіретін ақша ағымдарының туындауын көздейді.

Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қарыздық қаржы активтері бойынша пайда мен залалдар өзге жиынтық кіріс құрамында танылады, осыған амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері тәрізді пайда немесе залал құрамында танылатын келесі баптары кірмейді:

- тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып есептелген пайыздық кірістер;
- құнсызданудан болған күтілетін кредиттік залалдар мен қалпына келтірілген залалдар сомасы; және
- валюта бағамының өзгеруінен болатын пайда немесе залал.

Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қарыздық қаржы активін тануды тоқтатқан кезде бұрын өзге жиынтық кіріс құрамында танылған жиналған пайда немесе залал меншікті капитал құрамынан пайда немесе залал құрамына қайта жіктеледі.

Сауда-саттыққа арналмаған инвестициялар борыштық құралдар құрамында бастапқы танылған кезде, Банк өз қалауы бойынша кейін оның күшін жою құқығынсыз өзге жиынтық кіріс құрамында инвестициялардың әділ құнының кейінгі өзгерістерін ұсыну туралы шешім қабылдауы мүмкін. Осы таңдау әр инвестиция үшін жеке жүргізіледі.

Осындай борыштық құралдар бойынша пайда мен залал ешқашан пайда мен залал құрамына қайта жіктелмейді және пайда немесе залал құрамында құнсыздану танылмайды. Инвестицияның бастапқы құнының бір бөлігін қайтаруды білдіретіні анық көрінетін жағдайларды қоспағанда, дивидент пайда немесе залал құрамында танылады және бұл жағдайда дивидент өзге жиынтық кіріс құрамында танылады. Инвестициялар шығарылған кезде өзге жиынтық кіріс құрамында танылған жиналған пайда мен залал бөлінбеген пайда құрамына ауыстырылады.

Барлық өзге қаржылық активтер пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын құралдар ретінде жіктеледі.

Сонымен қатар егер ол нәтижесінде туындауы мүмкін есептік сәйкессіздікті жоюға немесе айтарлықтай дәрежеде азайтуға мүмкіндік беретін болса, бастапқы тану кезінде Банк өз қалауы бойынша кейін қайта жіктеу құқығынсыз амортизацияланған құны немесе өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағалау критерийлеріне жауап беретін қаржылық активті пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағалау санатына жіктей алады.

Бизнес-модельді бағалау

Банк бизнес-модельдің мақсатына бағалау жүргізеді. Осы бағалаудың аясында қаржы құралдары портфелінің деңгейінде актив ұсталады. Бұл жағдай бизнесті басқарудың және басшылыққа ақпарат берудің тәсілдерін ең жақсы түрде көрсетеді. Банк келесі ақпаратқа талдау жасайды:

- Портфельді басқару үшін белгіленген саясаттар мен мақсаттар, сонымен қатар көрсетілген саясаттардың іс жүзіндегі әрекеті. Атап айтқанда, басқару стратегиясы шартта көзделген пайыздық кірісті алуға, пайыздық мөлшерлеменің белгілі бір құрылымын қолдауға, қаржылық активтерді өтеу мерзімінің осы активтерді қаржыландыру үшін пайдаланылатын қаржылық міндеттемелерді өтеу мерзімдеріне сәйкес келуін қамтамасыз етуге немесе активтерді сату арқылы ақша ағындарын іске асыруға бағытталғандығы қарастырылады.

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

(егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(е) Қаржы құралдары, жалғасы

(і) Қаржы құралдарын жіктеу, жалғасы

Бизнес-модельді бағалау, жалғасы

- Портфельдің нәтижелілігі қандай тәсілмен бағаланады және осы ақпарат Банктің басшылығына қалай хабарланады.
- Бизнес-модельдің (және осы бизнес-модельдің аясында ұсталатын қаржылық активтердің) нәтижелілігіне әсерін тигізетін тәуекелдер және осы тәуекелдерді басқару қандай тәсілдермен жүзеге асырылады.
- Портфельді басқаруға жауапты менеджерлерге сыйақы беру қалай жүзеге асырылады (мысалы, осы сыйақы аталған активтердің әділ құнына немесе шартта көзделген активтер бойынша ақша қаражаттары ағынына байланысты бола ма).
- Өткен кезеңдердегі сатылымдардың туындау жиілігі, көлемі және мерзімдері, осындай сатылымдардың себептері, сонымен қатар болашақтағы сатылымдар деңгейіне қатысты күтілетін деңгейде. Алайда сатылымдар деңгейлері туралы ақпарат оқшауланып емес, Банк хабарлаған қаржы активтерін басқару мақсатына қалай қол жеткізілетінін және ақша ағыны қалай жүзеге асырылатынын бірыңғай тұтас талдау шегінде қарастырылады.

Сауда-саттық үшін ұсталатын және оларды басқару әділ құн бойынша жүзеге асырылатын және нәтижелілігі бағаланатын қаржы активтері пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын болады, себебі олар шартта қарастырылған ақша ағынын алу мақсатында да емес, сондай-ақ шартта қарастырылған ақша ағынын алу мақсатында да, қаржылық активтерді сату үшін де ұсталмайды.

Шартта көзделген ақша ағындарының тек қана негізгі сома мен проценттерді төлеу болып табылу-табылмауын бағалау

Бұл бағалау мақсатында «негізгі сома» қаржы активінің оның бастапқы тану кезіндегі әділ құны ретінде анықталады. «Пайыздар» ақшаның уақытша құны үшін, белгілі бір уақыт кезеңі ішінде өтелмей қалған негізгі сомаға қатысты несиелік тәуекел үшін және басқа несиелеумен байланысты өзге де негізгі тәуекелдер мен шығыстар үшін (мысалы, өтімділіктәуекелі және әкімшілік шығыс), сондай-ақ пайда маржасы үшін өтемақы ретінде белгіленеді.

Шартта қарастырылған ақша ағыны тек негізгі соманың және негізгі соманың өтелмеген бөлігінің пайызының («SPPI критерийлері») төлемдері болып табылатындығын бағалаған кезде Банк қаржы құралының шарттағы жағдайларын талдайды. Бұған қаржы активінде шартта қарастырылған ақша ағындарының мерзімдері немесе сомасын қаржы активі талданатын талаптарды қанағаттандыра алмайтындай етіп өзгерте алатын қандай да бір шарттық жағдай бар ма дегенді бағалау кіреді. Бағалау жүргізген кезде Банк төмендегілерді назарға алады:

- ақша ағымдарының мерзімін немесе сомасын өзгерте алатын шартты оқиғалар;
- тұтқа (левередж) әсері бар талаптар;
- мерзімінен бұрын өтеу және әрекет ету мерзімін ұзарту туралы талаптар;
- Банктің талаптарын белгілі бір активтер бойынша ақша ағындарымен шектейтін талаптар (мысалы, «регресс құқығынсыз» активтер);
- ақшаның уақытша құны үшін орнын толтыруда өзгерістер туындататын талаптар, мысалы, пайыз мөлшерлемесін кезең-кезеңімен қайта қарау.

Мерзімінен бұрын өтеу туралы талап мерзімінен бұрын өтеген кезде төленген сома мәні бойынша негізгі соманың өтелмеген бөлігін және өтелмеген бөлікке есептелген пайызды білдірген және шарттың қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатқаны үшін орынды қосымша өтемақыны қамтыған жағдайда SPPI критерийіне сәйкес келеді. Сонымен қатар мерзімінен бұрын өтеу туралы талап келесі жағдайда осы критерийге сәйкес талап ретінде қарастырылады: егер қаржылық активі сыйлықақымен немесе шартта көрсетілген атаулы сомаға қатысты дисконтпен сатып алынса немесе құрылса, онда мерзімінен бұрын өтеген кезде төленуі тиіс сома мәні бойынша (сонымен қатар шарттың қолданысын мерзімінен бұрын тоқтатқаны үшін орынды қосымша өтемақыны қамтуы мүмкін); және қаржылық активін бастапқы таныған кезде оның мерзімінен бұрын өтеу туралы талабының әділ құны болмашы болып табылады.

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР

(егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(е) Қаржы құралдары, жалғасы

(і) Қаржы құралдарын жіктеу, жалғасы

Қайта жіктеу

Банк қаржылық активтерді басқару бойынша өзінің бизнес-моделін өзгерткеннен кейінгі кезеңді қоспағанда, қаржылық активтерді жіктеу бастапқы танылғаннан кейін өзгертілмейді.

Қаржылық активтер – кейінгі бағалау, пайда және залал

Пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер	Бұл активтер нәтижесінде әділ құны бойынша бағаланады. Таза пайда және залал, оған қоса пайыздардан немесе дивиденттерден түсетін кіріс пайда немесе залал құрамында танылады.
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер	Бұл активтер нәтижесінде тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдану арқылы амортизацияланған құны бойынша бағаланады. Амортизацияланған құн құнсызданудан болатын залал сомасына азаяды. Пайыздық кірістер, бағам айырмасы бойынша пайда немесе залал және құнсыздану пайда немесе залал құрамында көрсетіледі. Тануды тоқтатудан болатын өзге пайда немесе залал пайда немесе залал құрамында танылады.
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық инвестициялар	Бұл активтер нәтижесінде әділ құны бойынша бағаланады. Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдану арқылы есептелген пайыздық кірістер, бағам айырмасы бойынша пайда немесе залал және құнсыздану пайда немесе залал құрамында көрсетіледі. Өзге таза пайда немесе залал өзге жиынтық кірісте танылады. Тануды тоқтату кезінде өзге жиынтық кірісте жиналған пайда немесе залал пайда немесе залал құрамына қайта жіктеледі.

Қаржылық міндеттемелер

Қаржылық кепілдіктер мен қарыз беру бойынша қаржылық міндеттемелерден басқа қаржылық міндеттемелерді Банк амортизацияланған құны бойынша немесе пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын міндеттемелер ретінде жіктейді.

Қайта жіктеу

Қаржылық міндеттемелерді жіктеу оларды бастапқы мойындағаннан кейін өзгертілмейді.

(ii) Қаржылық активтер мен міндеттемелердің талаптарын модификациялау

Қаржылық активтер

Егер қаржылық активтердің талаптары өзгеретін болса, Банк осындай модификацияланған актив бойынша ақша қаражаты ағынының ерекшеленетінін немесе ерекшеленбейтінін бағалайды. Егер ақша қаражаты ағыны айтарлықтай ерекшеленетін болса («талаптарды айтарлықтай модификациялау»), онда бастапқы қаржылық актив бойынша шартта көзделген ақша қаражатының ағынына қатысты құқықтардың күші жойылған деп танылады. Бұл жағдайда бастапқы қаржылық активті тану тоқтатылады және жаңа актив әділ құны плюс мәміле бойынша сәйкес шығындар бойынша есепте танылады.

Модификациялау нәтижесінде туындаған комиссиялық сыйақының алынған сомалары келесідей есепте танылады:

- Жаңа активтің әділ құнын анықтау кезінде есепке алынған комиссия сыйақы сомасы, сондай-ақ мәміле бойынша тиісті шығындардың өтемі болып танылатын комиссиялық сыйақы сомалары осы активтің бастапқы бағалауына қосылады; және
- Комиссиялық сыйақының өзге сомалары тануды тоқтатудан болған пайданы немесе залалдың бір бөлігі ретінде пайда немесе залал құрамында танылады.

Егер олар шарттың ағымдағы талаптарының салдары болатын болса, мысалы егер тиісті кредит беру шарты Банктің пайыздық міндеттемені өзгертуін көздесе, ҚРҰБ-ның негізгі мөлшерлемені өзгертуі салдарынан Банк пайыздық мөлшерлемені өзгертетін болса, қолда бар қаржылық активтер немесе қаржылық міндеттемелер бойынша ақша қаражаты ағынының шамасын өзгерту талаптарды модификациялау болып табылмайды.

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР

(егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(е) Қаржы құралдары, жалғасы

(ii) Қаржылық активтер мен міндеттемелердің талаптарын модификациялау, жалғасы

Қаржылық активтер, жалғасы

Банк талаптарды модификациялаудың маңыздылығына, яғни бастапқы қаржылық актив бойынша ақша қаражатының ағыны мен модификацияланған немесе оны алмастырған қаржылық актив бойынша ақша қаражаты ағынының айтарлықтай ерекшеленетінін не ерекшеленбейтінін сандық және сапалық тұрғыда бағалайды. Банк сапалы факторларға, сандық факторларға және сандық әрі сапалық факторлардың жиынтық әсеріне талдау жасай отырып, талаптарды модификациялаудың маңыздылығына қатысты сандық және сапалық бағалау жүргізеді. Егер ақша қаражаттарының ағыны айтарлықтай ерекшеленетін болса, онда бастапқы қаржылық актив бойынша шартта көзделген ақша қаражатының ағынына қатысты құқықтар аяқталған болып есептеледі. Осы бағалауды жүргізген кезде Банк ұқсастығы бойынша қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтатуға қатысты нұсқауларды басшылыққа алады.

Банк келесі сапалы факторлардың негізінде талаптарды модификациялауды маңызды деп тұжырымдайды:

- қаржылық активтің валютасын өзгерту;
- құнсыздану түрін немесе активтің сапасын арттыратын басқа да құралдарды өзгерту;
- ақша айырбастау талаптарын қосу.

Егер модификация қарыз алушының қиындықтарына негізделетін болса, онда мұндай модификациялаудың мақсаты ереже бойынша бастапқы талаптардан ерекшеленетін жаңа активті құру (беру) емес, шарттың бастапқы талаптарына сәйкес актив құнының барынша мүмкін болатын сомасын өтеу болып табылады. егер Банк қолданыстағы шартта көзделген ақша қаражаты ағынының бір бөлігі кешірілетіндей әдіспен қаржылық активті модификациялауды жоспарласа, онда ол модификациялауды жүргізгенге дейін осы активтің бір бөлігін есептен шығару қажет болатынына не болмайтынын аталдау жасауы қажет (есептен шығаруға қатысты төмендегі саясатты қараңыз). Бұл тәсіл сандық бағалаудың нәтижесінде әсер етеді және мұндай жағдайда сәйкес қаржылық активті тануды тоқтату критерийлерінің әдетте сақталмайтынына әкеп соғады. Банк сонымен қатар талаптарды модификациялаудың маңызды болатынын не болмайтынын сапалы бағалайды.

Егер амортизацияланған құны немесе өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық активтің талаптарын модификациялау осы қаржылық активті тануды тоқтатуға әкеп соқпаса, онда Банк аталған актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдаланып, осы активтің жалпы баланстық құнын қайта санайды және туындаған айырманы пайда немесе залал құрамында модификациялаудан болған пайда немесе залал ретінде таниды. Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы активтерге қатысты қолданылатын модификациялаудан болатын пайданы немесе залалды есеп кезінде пайдаланылатын бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме модификация жүргізу сәтінде ағымдағы нарықтық талаптарды көрсету үшін түзетіледі. Осындай модификациялау аясында туындаған шығындар немесе төленген комиссиялар және алынған комиссиялық шығындар модификацияланған қаржылық активтің жалпы баланстық құнын түзетеді және модификацияланған қаржылық активтің қалған қолданыс мерзімі ішінде амортизацияланады.

Егер модификация қарыз алушының қаржылық қиындықтарына негізделетін болса (3 (л) ескертпесін қараңыз), онда сәйкес пайда немесе залал құнсызданудан болған залал құрамында көрсетіледі. Қалған жағдайларда сәйкес пайда немесе залал тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі (3 (б) ескертпесін қараңыз) пайдаланылып есептелген пайыздық кірістер құрамында көрсетіледі.

Қаржылық міндеттемелер

Модификацияланған міндеттемелері бойынша ақша қаражаты ағынының шамасы айтарлықтай өзгеретіндей талаптары өзгертін болса, Банк қаржылық міндеттемені тануды тоқтатады. Бұл жағдайда модификацияланған талаптарымен жаңа қаржылық міндеттеме әділ құны бойынша танылады. Бұрынғы қаржылық міндеттеменің баланстық құны мен модификацияланған талаптарымен жаңа қаржылық міндеттеменің құны арасындағы айырма пайда немесе залал құрамында танылады. Төленген өтем, егер болса, берілген қаржылық емес активтерді және жаңа модификацияланған қаржылық міндеттемені қосқанда өзіне қабылданған міндеттемені қамтиды.

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР

(егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(е) Қаржы құралдары, жалғасы

(ii) Қаржылық активтер мен міндеттемелердің талаптарын модификациялау, жалғасы

Қаржылық міндеттемелер, жалғасы

Банк сапалы факторларға, сандық факторларға және сандық әрі сапалық фактордың жиынтық әсеріне талдау жасай отырып, талаптарды модификациялаудың маңыздылығына қатысты сандық және сапалық бағалау жүргізеді. Банк келесі сапалы факторлардың негізінде талаптарды модификациялауды маңызды деп тұжырымдайды:

- қаржылық міндеттеменің валютасын өзгерту;
- камтамасыз ету түрін немесе міндеттеменің сапасын арттыратын басқа да құралдарды өзгерту;
- ақша айырбастау талаптарын қосу;
- қаржылық міндеттеменің субординациясын өзгерту.

Сандық бағалау жүргізу мақсатында егер бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған, алынған комиссиялық сыйақыны шегергенде комиссиялық сыйақы төлемдерін қосқанда, жаңа талаптарға сәйкес ақша қаражаты ағының келтірілген құны бастапқы қаржылық міндеттеме бойынша қалған ақша қаражаты ағынының дисконтталған келтірілген құнына ең аз дегенде 10%-ға ерекшеленетін болса, талаптар айтарлықтай ерекшеленетін болып саналады.

Егер қаржылық міндеттеменің талаптарын модификациялау оны тануды тоқтатуға әкеп соқпаса онда міндеттеменің амортизацияланған құны бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша модификацияланған ақша қаражаты ағынын дисконттау арқылы қайта саналады және нәтижесінде туындаған айырма пайданың немесе залалдың құрамында модификациялаудан болған пайда немесе залал ретінде танылады. Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы қаржылық міндеттемелерге қатысты қолданылатын модификациялаудан болатын пайданы немесе залалды есептеу кезінде пайдаланылатын бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме модификация жүргізу сәтінде ағымдағы нарықтық талаптарды көрсету үшін түзетіледі. Модификациялау аясында туындаған шығындар мен төленген комиссиялар міндеттеменің бастапқы құнын түзету ретінде танылады және құрал-жабдық бойынша тиімді пайыздық мөлшерлемені қайта санау арқылы модификацияланған қаржылық міндеттеменің қалған қолданыс мерзімі ішінде амортизацияланады.

(iii) Тануды тоқтату

Қаржылық активтер

Банк қаржылық активі бойынша ақша қаражаты ағындарына шартта көзделген құқығын жоғалтқан кезде немесе қаржылық активін осы қаржылық активін меншіктеу құқығына байланысты барлық тәуекелдер және пайда іс жүзінде басқа тарапқа берілетін мәмілені жүзеге асыру нәтижесінде берген немесе Банк осы қаржылық активін меншіктеу құқығына байланысты барлық тәуекелдер мен пайданың айтарлықтай бөлігін өткізбеген, сақтамаған, бірақ қаржылық активке бақылау жасауды сақтамаған кезде қаржылық активті тануды тоқтатады.

Қаржылық активті тануды тоқтату кезінде активтің баланстық құны (немесе танылуы тоқтатылған активтің бір бөлігіне бөлінген баланстық құны) мен алынған өтем бойынша (i) (оған қоса өзіне қабылданған жаңа міндеттеменің шамасын шегергенде алынған жаңа активтің шамасы) мен өзге жиынтық кіріс құрамында танылған кез келген жиналған пайда немесе залал (ii) арасында пайда немесе залал құрамында танылады.

Банк мәмілелер жасап, оның талаптары бойынша қаржы жағдайы туралы жекелеген есепте танылған активтерді береді, бірақ бұл кезде берілген активтердің меншік құқығынан туындайтын тәуекелдердің және пайданың барлығы немесе бір бөлігі өзінде қалады. Мұндай жағдайда берілген активтер есебінде тану тоқтатылмайды. Осындай мәмілелер болып бағалы қағаздарды қарызға беру және «РЕПО» мәмілелері танылады.

Банк қаржылық активке меншік құқығына байланысты барлық тәуекелдер мен пайданы сақтамайтын, бермейтін және берілген активке қатысты бақылауды сақтайтын мәмілелерде Банктің берілген актив құнының өзгеру тәуекеліне ұшырау дәрежесі ретінде анықталатын активке қатысуды жалғастыруды сақтаған дәрежеде активті тануды жалғастырады. Осындай мәмілелердің мысалы болып «Қазақстандық тұрақтылық қоры» АҚ-мен жасалған қарыздар бойынша талап ету құқығын табыстау туралы шарттар танылады (17-ескертпе).

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР

(егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(е) Қаржы құралдары, жалғасы

(iii) Тануды тоқтату, жалғасы

Қаржылық активтер, жалғасы

Егер Банк өзінің қатысуын жалғастыру көлемінде активті тануды жалғастыратын болса, Банк сондай-ақ соған байланысты міндеттемені таниды. Берілген актив және соған байланысты міндеттеме Банк сақтаған құқықтар мен міндеттемелердің негізінде бағаланады. Активке байланысты міндеттеме берілген актив пен оған байланысты міндеттеменің таза баланстық құны Банк сақтаған құқықтар мен міндеттемелердің амортизацияланған құнын білдіретіндей бағаланады.

Банк өзінің қатысуын жалғастыру көлемінде және оған байланысты міндеттемеге қатысты туындайтын шығыстар көлемінде берілген активтерге қатысты туындайтын кірісті тануды жалғастырады.

Егер берілген актив амортизацияланған құны бойынша бағаланатын болса, онда оған байланысты міндеттеме пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын міндеттеме болып жіктелмейді.

Қаржылық міндеттемелер

Банк ол бойынша шарттық міндеттемелер орындалған, жойылған немесе тоқтатылған қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтатады.

(iv) Әділ құны бойынша бағалау принципі

Әділ құны дегеніміз активті сатқан кезде алынған немесе бағалау күні нарықтың қатысушыларының арасында жасалатын әдеттегі мәміле талаптармен міндеттемелерді негізгі нарықта немесе ол болмаған жағдайда көрсетілген күні Банкке қолжетімді болатын неғұрлым тиімді нарықта төленген бағаны білдіреді. Міндеттемелердің әділ құны оның орындалмау тәуекелін көрсетеді.

Банк мүмкіндігінше осы құралға белсенді нарықта белгіленген бағаны пайдалана отырып, құралдың әділ құнын бағалайды. Егер актив немесе міндеттеме бойынша операциялар жеткілікті түрде жиі және баға белгілеулерді жүйелі негізде айқындау үшін жеткілікті көлемде жүргізілген болса, нарық белсенді болып танылады.

Белсенді нарықта ағымдағы баға белгілеулер болмаған кезде, Банк бақыланатын бастапқы деректер бойынша көп пайдаланатын және бақыланбайтын деректер барынша аз пайдаланатын бағалау әдісін пайдаланады. Тандалған бағалау әдістеріне нарықтың қатысушылары осы жағдайларда назар алуы мүмкін барлық факторлар кіреді.

Бастапқы тану кезінде қаржы құралының әділ құнының үздік дәлелі әдетте мәміленің бағасы, яғни төленген немесе алынған өтемақының әділ құны болып табылады. Егер Банк бастапқы тану кезінде әділ құнның мәміле бағасынан өзгеше екенін және әділ құнның осындай актив немесе міндеттеме үшін белсенді нарықтағы ағымдағы баға белгілеулер арқылы расталмайтынын және бақыланатынын бастапқы деректер ғана пайпайдаланылатын бағалау әдісіне негізделмейтінін анықтаса, қаржы құралы бастапқы тану кезіндегі әділ құнның немесе мәміле бағасының арасындағы айырманы кейінге қалдыру үшін түзетілген әділ құны бойынша бағаланады. Бастапқы танудан кейін айырма құрал қолданылатын барлық мерзім ішінде, бірақ бағалау бақыланатын бастапқы деректермен толық расталған кезден немесе операция аяқталған кезден кешіктірілмей тиісті түрде пайда немесе залал құрамында көрсетіледі. Егер әділ құны бойынша бағаланатын активтің немесе міндеттеменің сұраныс бағасы және ұсыныс бағасы болса, активтер және ұзақ позициялар сұраныс бағасының негізінде бағаланады, міндеттемелер және қысқа позициялар ұсыныс бағасының негізінде бағаланады.

(v) «РЕПО» және «кері РЕПО» мәмілелері

Кері сату міндеттемесімен сату туралы келісімдер аясында сатылған бағалы қағаздар (бұдан кейін – «РЕПО» мәмілелері) бағалы қағаздар кепілімен қамтамасыз етілген қаржыландыруды тарту бойынша жүргізілген операция ретінде көрсетіледі, бұл кезде бағалы қағаздың қаржылық жағдай жөніндегі жекелеген есепте көрсетілуі жалғастырылады, ал контрагенттер алдындағы «РЕПО» мәмілелері бойынша кредиторлық берешектің құрамына қосылған міндеттемелер жағдайға байланысты банктің және қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиесі құрамында көрсетіледі. Сату бағасы мен кері сатып алу бағасы арасындағы айырма пайыздық кірісті білдіреді және тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісін пайдалана отырып, «РЕПО» мәмілесін қолданған кезеңдегі пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР

(егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(е) Қаржы құралдары, жалғасы

(v) «РЕПО» және «кері РЕПО» мәмілелері, жалғасы

Кері сату міндеттемесімен сатып алу туралы келісімдер (бұдан кейін – «кері РЕПО мәмілелері») аясында сатып алынған, «кері РЕПО» мәмілелері бойынша дебиторлық берешектің құрамына қосылған бағалы қағаздар жағдайға байланысты клиенттерге және банктерге берілген несиелердің құрамында көрсетіледі. Сатып алу бағасы мен кері сату бағасы арасындағы айырма пайыздық кірісті білдіреді және тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісін пайдалана отырып, «кері РЕПО» мәмілесін қолданған кезеңдегі пайда мен залал құрамында көрсетіледі.

Егер кері сату міндеттемесімен сатып алу туралы келісімдер аясында сатып алынған активтер үшінші тұлғаларға сатылса, бағалы қағаздарды қайтару міндеттемесі саудаға арналған міндеттеме ретінде көрсетіледі және әділ құны бойынша бағаланады.

(vi) Активтер мен міндеттемелерді өзара есепке алу

Қаржы активтері мен міндеттемелері өзара есепке алынады және қаржы жағдайы туралы есепте нетто-шамада Банктің қазіргі уақытта заңды қорғаумен қамтамасыз етілген танылған сомаларды өзара есепке алуды жүзеге асыруға құқығы болған және олар бойынша нетто-негізде есеп жүргізуге не активті сатуға және міндеттемені бір мезгілде орындауға ниетті болған кезде ғана ұсынылады. Егер осы құқық келешектегі оқиғаға негізделмесе және қарапайым қызмет барысында да, Банктің немесе контрагенттердің кез келгені міндеттемесін орындамаған, дәрменсіз немесе банкрот болған жағдайда да заңды түрде орындалатын болса, Банктің қазіргі уақытта заңмен қорғалатын өзара есеп айырысуды жүзеге асыруға құқығы бар.

(ж) Банктердегі қаражат, клиенттер мен банктерге берілген несиелер

Қаржылық жағдай туралы жекелеген есептіліктің «Банктердегі қаражат», «Клиенттер мен банктерге берілген несиелер» баптары төмендегілерді қамтиды:

- банктердегі қаражат, клиенттерге және банктерге берілген амортизациялық құны бойынша бағаланатын несиелер (3 (е), (і) ескертпені қараңыз); олар бастапқыда әділ құны бойынша бағаланады, оған қоса мәміле бойынша қосымша тікелей шығындар қосылады және нәтижесінде тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалану олардың амортизацияланған құны бойынша бағаланады.

(з) Инвестициялық бағалы қағаздар

Қаржылық жағдай туралы жекелеген есептің «Инвестициялық бағалы қағаздар» атты бабы төмендегілерді қамтиды:

- Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық инвестициялық бағалы қағаздар, олар бастапқыда әділ құны бойынша бағаланады, оған қоса мәміле бойынша қосымша тікелей шығындар қосылады және нәтижесінде тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалану арқылы олардың амортизацияланған құны бойынша бағаланады;
- пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша міндетті түрде бағаланатын немесе Банктің қалауы бойынша осы санатқа жіктелетін борыштық және үлестік инвестициялық бағалы қағаздар; олар өзгерістері пайда немесе залал құрамында дереу танылатын әділ құн бойынша бағаланады;
- өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық бағалы қағаздар; және
- Банктің қалауы бойынша өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағалау санатына жіктелетін үлестік инвестициялық бағалы қағаздар.

(и) Негізгі құралдар және материалдық емес активтер

(і) Меншікті активтер

Негізгі құралдардың объектілері бұдан әрі сипатталғандай, қайта бағаланған құны бойынша көрсетілетін ғимараттар мен құрылыстарды қоспағанда, жинақталған амортизация мен құнсызданудан болған шығындарды шегере отырып, нақты шығын бойынша жекелеген қаржылық есептілікте көрсетіледі.

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР

(егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(и) Негізгі құралдар және материалдық емес активтер, жалғасы

(i) *Меншікті активтер, жалғасы*

Егер негізгі құралдардың объектісі әртүрлі пайдалы пайдалану мерзімі бар бірнеше компоненттерден тұратын болса, мұндай компоненттер негізгі құралдардың жеке объектілері ретінде көрсетіледі.

Ғимараттар мен құрылыстар тұрақты түрде қайта бағалануы тиіс. Қайта бағалау жиілігі қайта бағалануы тиіс ғимараттардың әділ құнының өзгеруіне байланысты. «Ғимараттар мен құрылыстар» санатына жататын ғимараттардың құнын қайта бағалау нәтижесінде ұлғайту пайда немесе залал құрамында көрсетілген көрсетілген объектілердің құнын қайта бағалау нәтижесінде алдыңғы төмендеу өтетін жағдайларды қоспағанда, өзге де жиынтық кірістің құрамында көрсетіледі. Бұл жағдайда қайта бағалау нәтижесі пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі. «Ғимараттар мен құрылыстар» санатына жататын ғимараттардың құнын қайта бағалау нәтижесінде төмендеу басқа жиынтық кірістің құрамында көрсетілген көрсетілген объектілердің құнын қайта бағалау нәтижесінде алдыңғы ұлғаю есептен шығарылған жағдайларды қоспағанда, пайда немесе залал құрамында көрсетіледі. Бұл жағдайда қайта бағалау нәтижесі басқа жиынтық табыстың құрамында көрсетіледі.

(ii) *Материалдық емес активтер*

Сатып алынған материалдық емес активтер жинақталған амортизацияны және құнсызданудан болған шығындарды шегере отырып, нақты шығын бойынша жекелеген қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Арнайы бағдарламалық қамтамасыз етуге лицензияларды сатып алуға және оны енгізуге арналған шығындар тиісті материалдық емес активтің құнына капиталдандырылады.

(iii) *Амортизация*

Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер бойынша амортизация оларды пайдалы пайдаланудың болжамды мерзімі ішінде біркелкі есептеу әдісі бойынша есептеледі және пайда немесе залал құрамында көрсетіледі. Амортизация объектіні сатып алған күннен бастап, ал шаруашылық тәсілмен салынған негізгі құралдар объектілері үшін объект құрылысы аяқталған және оны пайдалануға дайын болған сәттен бастап есептеледі. Жер телімдері бойынша амортизация есептелмейді.

Амортизацияны есептеу мынадай белгіленген жыл сайын белгіленетін нормаларды пайдалана отырып жүргізіледі:

Ғимараттар мен басқа құрылыстар	1.25-2.50%
Жиһаз және компьютерлік жабдық	5.60-20.00%
Материалдық емес активтер	6.67-100.00%

(к) Банктер мен қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері, клиенттердің депозиттері мен қаражаты, шығарылған борыштық бағалы қағаздар және тәртіптелген облигациялар

Банктер мен қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері, клиенттердің депозиттері мен қаражаты, шығарылған борыштық бағалы қағаздар және тәртіпке келтірілген облигациялар бастапқыда мәміле бойынша тиісті шығындарды шегере отырып, әділ құн бойынша және кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып амортизацияланған құны бойынша бағаланады.

(л) Активтердің құнсыздануы

5-ескертпені қараңыз.

Банк пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын мынадай қаржы құралдары бойынша күтілетін кредиттік залалдар үшін бағалау резервін таниды:

- борыштық құралдар болып табылатын қаржы активтері;
- шығарылған қаржылық кепілдік шарттары;
- қарыз беру бойынша шығарылған міндеттемелер.

Үлестік құралдарға салынған инвестициялар бойынша құнсызданудан болған залал танылмайды.

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

(егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(л) Активтердің құнсыздануы, жалғасы

Банк резерв сомасы 12 айлық күтілетін кредиттік залалға тең болатын мынадай құралдарды қоспағанда, бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалға тең сомада күтілетін кредиттік залалдарға бағаланатын резервтерді таниды:

- есепті күнгі жағдай бойынша кредиттік тәуекелі төмен борыштық инвестициялық бағалы қағаздар; және
- бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекел айтарлықтай жоғарыламаған басқа да қаржы құралдары (жалдау бойынша дебиторлық берешектен басқа) (4-ескертпені қараңыз).

12 айлық күтілетін кредиттік залал - есепті күннен кейін 12 ай ішінде мүмкін болатын қаржы құралы бойынша дефолт оқиғалары салдарынан күтілетін кредиттік залалдың бір бөлігі. 12 айлық ККЗ танылатын қаржы құралдары «1-сатыдағы» қаржы құралдарына жатады.

Барлық мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдар («барлық мерзім ішіндегі ККЗ») барлық күтілетін қолданыс мерзімі ішінде қаржы құралы бойынша барлық мүмкін болатын дефолт нәтижесінде ККЗ ретінде белгіленеді. Олар бойынша барлық мерзім ішінде ККЗ танылатын, сатып алынбаған немесе құнсызданған кредиттік актив ретінде құрылмаған қаржы құралдары «2-сатыдағы» (егер қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекел бастапқы танылған сәттен айтарлықтай артса, бірақ қаржы құралы құнсызданған кредиттік болып табылмаса) және «3-сатыдағы» (егер қаржы құралы құнсызданған кредиттік болып табылса) қаржы құралына жатады.

Күтілетін кредиттік залал дефолттың орын алуы дәрежесі бойынша өлшенген кредиттік залалдың есептік бағасын білдіреді. Олар келесідей бағаланады:

- *есепті күнгі жағдай бойынша кредиттік-құнсызданған болып табылмайтын қаржы активтеріне қатысты:* барлық күтілетін толықтай алынбаған ақша қаражатының келтірілген құны ретінде (яғни, келісімшартқа сәйкес Банкке тиесілі ақша ағындары мен Банк күткен ақша ағындары арасындағы айырма);
- *есепті күнгі жағдай бойынша кредиттік-құнсызданған болып табылатын қаржы активтеріне қатысты:* активтердің жалпы баланстық құны мен болашақ ақша ағындарының келтірілген құны арасындағы айырма ретінде;
- *қарыз беру жөніндегі міндеттемелердің пайдаланылмаған бөлігіне қатысты:* егер қарыз алушы кредит алуға немесе кредит алу құқығын пайдаланса, Банк алуды көздейтін Шартта көзделген ақша қаражатының ағындары арасындағы айырманың келтірілген құны ретінде шарт бойынша Банкке тиесілі болып табылатын ақша қаражаттың ағындары арасындағы айырманың келтірілген құны ретінде; және
- *қаржылық кепілдіктер шарттарына қатысты:* Банк өтейтін соманы шегергенде шарт ұстаушы көтерген кредиттік шығынды өтеу үшін күтілетін төлемдердің келтірілген құны ретінде.

Қайта құрылымдалған кредиттік активтер

Тараптардың келісімі бойынша қаржы активінің шарттары қайта қаралған немесе қаржы активінің шарттары өзгертілген немесе қарыз алушының қаржылық қиындықтары себебінен қолданыстағы қаржы активі жаңасымен ауыстырылған жағдайда, осы қаржы активін тануды тоқтату қажеттілігі тұрғысынан бағалау жүргізіледі және күтілетін кредиттік залалдар келесідей бағаланады:

- Егер күтілетін қайта құрылымдау қолданыстағы активті тануды тоқтатуға әкеп соқпаса, онда өзгертілген қаржы активі бойынша күтілетін ақша қаражаты ағындары қолданыстағы актив бойынша толық алынбаған ақша қаражатының есебіне енгізіледі (4-ескертпені қараңыз).
- Егер күтілетін қайта құрылымдау қолданыстағы активті тануды тоқтатуға әкеп соқтыратын болса, онда жаңа активтің күтілетін әділ құны ол тануды тоқтатқан сәтте қолданыстағы актив бойынша ақшалай қаражаттың түпкілікті ағыны ретінде қарастырылады. Бұл сома қолданыстағы қаржы активі бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып, тануды тоқтату күтілетін кезеңнен бастап есепті күнге дейінгі кезеңде дисконтталатын қолданыстағы қаржы активі бойынша толық алынбаған сомаларының есебіне енгізіледі.

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР

(егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(л) Активтердің құнсыздануы, жалғасы

Кредиттік-құнсызданған қаржы активтері

Әрбір есепті күнге Банк амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын қаржы активтерін және әділ құн бойынша басқа жиынтық кіріс арқылы есепке алынатын борыштық қаржы активтерін олардың кредиттік құнсыздануына қарай бағалауды жүргізеді. Осындай қаржы активі бойынша болашақ ақша ағындарына теріс әсер ететін бір немесе бірнеше оқиға орын алған кезде қаржы активі «кредиттік-құнсызданған» болып табылады.

Қаржы активінің кредиттік құнсыздануының дәлелі, атап айтқанда, мынадай бақыланатын деректер болып табылады:

- қарыз алушының немесе эмитенттің айтарлықтай қаржылық қиындықтары;
- дефолт немесе төлемді кешіктіру сияқты келісімшарт талаптарын бұзу;
- Банктің қарызды немесе аванстық төлемді басқа жағдайларда ол қарастырмайтын шарттармен қайта құрылымдауы;
- қарыз алушының банкроттық немесе өзге де қаржылық қайта ұйымдастыру ықтималдығының туындауы; немесе
- қаржылық қиындықтар нәтижесінде бағалы қағаздар үшін белсенді нарықтың жойылуы.

Қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауы салдарынан талаптары қайта қаралған кредит, әдетте, егер шартта көзделген ақша қаражатының ағындарын алмау тәуекелі айтарлықтай төмендегенін және құнсызданудың басқа белгілері жоқ екендігін дәлелдейтін мән-жайлар болмаса, кредиттік-құнсызданған болып есептеледі. Сонымен қатар, 90 күн немесе одан да көп мерзімге кешіктірілген несиелер құнсызданған болып саналады.

Мемлекет борышкер болып табылатын мемлекеттік облигацияларға (өзге де қаржы активтеріне) инвестицияларды кредиттік құнсыздану мәніне бағалау кезінде Банк мынадай факторларды қарайды:

- Облигациялардың кірістілігінде көрсетілген несиені өтеу қабілеттіліктің нарықтық бағасы.
- Рейтингік агенттіктер орындаған кредитті өтеу қабілеттілігін бағалау.
- Елдің жаңа қарызды шығару үшін капитал нарығына қол жеткізу мүмкіндігі.
- Қарызды қайта құрылымдау ықтималдығы, бұл ұстаушылардың ерікті немесе мәжбүрлі қарызды кешіру нәтижесінде шығынға ұшырауына әкеледі.
- осындай елге «соңғы инстанциядағы кредитор» ретінде қажетті қолдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін халықаралық қолдау көрсету тетіктерінің болуы, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен ведомстволардың осы тетіктерді пайдалану ниеті жария мәлімдемелерде көрсетілуі. Бұл аталған механизмдердің тиімділігіне және саяси ниетке қарамастан талап етілетін критерийлерге сәйкестік қабілетінің болуына баға беруді қамтиды.

Жекелеген қаржылық есептілікте күтілетін кредиттік залалдарға бағалау резервін көрсету

Күтілетін кредиттік залалдар үшін бағалау резервінің сомалары қаржылық жағдай туралы жекелеген есепте мынадай түрде көрсетіледі:

- *амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активтері:* осы активтердің жалпы баланстық құнын қалай азайту ретінде;
- *қарыздар беру жөніндегі міндеттемелер және қаржылық кепілдік шарттары:* жалпы жағдайда резерв ретінде;

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР

(егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(л) Активтердің құнсыздануы, жалғасы

Жекелеген қаржылық есептілікте күтілетін кредиттік залалдарға бағалау резервін көрсету, жалғасы

- егер қаржы құралы талап етілетін де, талап етілмеген де компонентті қамтыса және Банк талап етілген бөлігі (берілген кредит) бойынша күтілетін кредиттік залалдардан бөлек қарыз беру бойынша қабылданған міндеттеме бойынша күтілетін кредиттік залалдарды анықтай алмаса: Банк екі компонент бойынша залалға бөлінген жиынтық бағалау резервін ұсынады. Жиынтық сома талап етілетін бөлігінің (берілген кредиттің) жалпы баланстық құнының азаюы ретінде көрсетіледі. Берілген кредиттің жалпы баланстық құны бойынша залалға бөлінген бағалау резервінің шамасын кез келген ұлғайту резерв ретінде көрсетіледі; және
- өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдар: залалға бөлінген бағалау резерві қаржылық жағдай туралы жекелеген есепте танылмайды, өйткені бұл активтердің баланстық құны олардың әділ құны болып табылады. Алайда залалға бөлінген бағалау резервінің шамасы әділ құн өзгерістері резервінің құрамында көрсетіледі және танылады.

Есептен шығару

Кредиттер мен борыштық бағалы қағаздар қаржы активін толық сомада немесе оның бір бөлігінде өтеудің негізделген божамы болмаған кезде (ішінара немесе толық сомада) есептен шығаруға жатады. Әдетте, бұл Банк қарыз алушының есептен шығарылатын қарыз сомаларын өтеуге жеткілікті көлемде ақша қаражаты ағынын тудыруы мүмкін активтері немесе кіріс көздері жоқ екенін анықтайтын жағдайы. Бұл бағалау әрбір актив үшін жеке орындалады.

Бұрын есептен шығарылған соманы өтеу «борыштық қаржы активтерінің құнсыздануынан болған залал» бабында пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы жекелеген есепте көрсетіледі.

Банк есептен шығарылған қаржы активтеріне қатысты тиесілі соманы өтеу жөніндегі саясатқа сәйкес берешекті өндіріп алу жөніндегі қызметті жүзеге асыруды жалғастыра алады.

Қаржылық емес активтер

Кейінге қалдырылған салық активтерінен ерекшеленетін өзге де қаржылық емес активтер құнсыздану белгілерінің болуы тұрғысынан әрбір есепті күндегі жағдай бойынша бағаланады. Гудвилдің өтелетін құны әрбір есепті күнгі жағдай бойынша бағаланады. Қаржылық емес активтердің өтелетін құны сату шығындары мен пайдаланудан түскен құндылықтарды шегергендегі әділ құнның ең үлкен шамасы болып табылады. Пайдалану құндылықтарын анықтаған кезде ақшаның болжамды болашақ ағындары ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын және осы активке тән тәуекелдерді көрсететін салық салуға дейінгі дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып, олардың ағымдағы сәтке келтірілген құнына дисконтталады.

Басқа активтер түрлендіретін ақша қаражатының ағындарынан едәуір дәрежеде тәуелсіз ақша қаражаттарының ағынын тудырмайтын актив үшін өтеу құны актив тиесілі ақша қаражатын түрлендіретін активтер тобы бойынша айқындалады. Құнсызданудан болған залал активтің немесе ақша қаражатын түрлендіретін активтер тобының баланстық құны оның өтеу құнынан асып кеткен кезде танылады.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануынан болған барлық залал пайда немесе залал құрамында көрсетіледі және өтелетін құнды айқындау кезінде пайдаланылатын бағалауларда өзгерістер болған жағдайда ғана қалпына келтіруге жатады. Активтің құнсыздануынан болған кез келген залал, егер құнсызданудан болған залал жекелеген қаржылық есептілікте көрсетілмесе, қалыптасатын осындай баланстық құннан (амортизацияны шегергенде) аспайтын көлемде қайта қалпына келтіруге жатады. Гудвил құнсыздануынан залалға есептен шығарылған сомалар қалпына келтірілмейді.

Бірлескен ынтымақтастық шарты бойынша дебиторлық берешек жасалған күні әділ құны бойынша бағаланды (19-ескертпе).

(м) Резервтер

Резерв Банктің орын алған оқиғаның нәтижесінде заңды немесе негізделген міндеттемесі туындаған және осы міндеттемені орындау үшін қаражат аудару қажеттілігі туындайтын жағдайда қаржылық жағдай туралы жекелеген есепте көрсетіледі. Егер мұндай міндеттеменің сомасы елеулі болса, онда резервтер ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын және ол қолданылатын жерде осы міндеттемеге тән тәуекелдерді көрсететін салық салуға дейінгі дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып, болжамды болашақ ақша ағындарын дисконттау арқылы айқындалады.

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР

(егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(н) Қаржылық кепілдік шарттары және қарыздар беру жөніндегі міндеттемелер

Банк ағымдағы шаруашылық қызметті жүзеге асыру барысында пайдаланылмаған кредиттік желілерді, аккредитивтер мен кепілдіктерді қамтитын кредиттік сипаттағы шартты міндеттемелерді өзіне қабылдайды және кредиттік сақтандырудың басқа да нысандарын ұсынады.

Қаржылық кепілдік шарты – бұл шартта көрсетілген борышкердің борыштық құралдың талаптарында белгіленген мерзімдерде төлемді жүзеге асыра алмауы нәтижесінде келтірілген залалды өтеу үшін кепілдік ұстаушыға белгілі бір төлемдер жасауды міндеттейтін шарт. Қарыз беру міндеттемесі – бұл алдын ала келісілген талаптармен және белгіленген мерзімдерде қарыз беруге қатысты нақты міндеттеме.

Шығарылған қаржылық кепілдік шарттары немесе нарықтық мөлшерлемеден төмен қарыз беруге қатысты міндеттемелер бастапқыда әділ құн бойынша бағаланады. Кейіннен олар екі шаманың: 9-ҚЕХС (IFRS) сәйкес айқындалған залалға бөлінген бағалау резервінің сомасы және тиісті жағдайларда 15-ҚЕХС (IFRS) қағидаттарына сәйкес танылған табыстың жинақталған сомасы шегеріле отырып, бастапқыда танылған сома бойынша бағаланады.

Банктің пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қарыз беруге қатысты шығарылған міндеттемелері жоқ. Қарыз беруге қатысты басқа да міндеттемелер бойынша Банк залалға бөлінген бағалау резервін растайды.

(о) Акционерлік капитал

(i) Қарапайым акциялар

Қарапайым акциялар меншікті капитал ретінде жіктеледі. Қарапайым акциялар мен акцияларға опциондар шығарумен тікелей байланысты шығындар кез-келген салық әсерін шегергендегі капиталды азайту ретінде танылады.

(ii) Артықшылық берілген акциялар

Сатып алуға жатпайтын және дивидендтер төлеу міндетті емес артықшылық берілген акциялар меншікті капиталдың құрамында көрсетіледі.

(iii) Меншікті акцияларды сатып алу

Банк өз акцияларын сатып алған жағдайда, төленген сома, осы сатып алуға тікелей байланысты шығындарды коса алғанда, жекелеген қаржылық есептілікте меншікті капиталдың азаюы ретінде көрсетіледі.

(iv) Дивидендтер

Банктің дивидендтерді жариялау және төлеу мүмкіндігі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының реттеуінде болады.

Қарапайым акциялар бойынша дивидендтер жекелеген қаржылық есептілікте олар жарияланған кезде бөлінбеген пайданы пайдалану ретінде көрсетіледі.

(п) Салық салу

Табыс салығының сомасына ағымдағы салық сомасы және кейінге қалдырылған салық сомасы кіреді. Табыс салығы өзге жиынтық табыстың құрамында көрсетілетін операцияларға немесе меншік иелерімен тікелей капитал шоттарында көрсетілетін операцияларға қатысты сомаларды коспағанда, тиісінше өзге жиынтық табыстың құрамында немесе тікелей меншікті капиталдың құрамында көрсетілетін, пайданың немесе залалдың құрамында толық көлемде көрсетіледі.

Ағымдағы салық

Ағымдағы табыс салығы есепті күндегі жағдай бойынша қолданыста болған табыс салығы бойынша мөлшерлемелерді, сондай-ақ алдыңғы есепті жылдардағы табыс салығы сомаларын нақтылау нәтижесінде туындаған міндеттемелер сомасын ескере отырып, бір жылдағы салық салынатын пайданың болжамды мөлшеріне сүйене отырып есептеледі. Ағымдағы табыс салығы бойынша міндеттеме есебіне дивидендтерге байланысты туындаған салық міндеттемесінің шамасы да енгізіледі.

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР

(егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(п) Салық салу, жалғасы

Кейінге қалдырылған салық

Кейінге қалдырылған салық жекелеген қаржылық есептілікте көрсету мақсатында айқындалатын активтер мен міндеттемелердің баланстық құны мен олардың салық базасы арасында туындайтын мерзімдік айырмаларға қатысты танылады. Кейінге қалдырылған салық мынадай мерзімдік айырмаларға қатысты танылмайды:

- бастапқы тану кезінде гудвилді көрсетуге байланысты және салық салынатын базаны төмендетпейтін айырмалар;
- бизнесті біріктіру бойынша мәміле болып табылмайтын және бухгалтерлік те, салық салынатын да пайдаға немесе салықтық залалға да әсер етпейтін мәмілені жүзеге асыру нәтижесінде активтер мен міндеттемелерді бастапқы тану кезінде туындайтын айырмалар; және
- еншілес, қауымдастырылған кәсіпорындарға және бірлескен қызметке Банктің аталған айырмаларды іске асыру уақытын бақылау мүмкіндігі және олардың жақын болашақта іске асырылмайтынына сенімді болған жағдайдағы инвестициялармен байланысты уақытша айырмалар.

Кейінге қалдырылған салық активтері пайдаланылмаған салық шығындарына, пайдаланылмаған салық несиелеріне және шегерілетін мерзімдік айырмаларға қатысты олар жүзеге асырылуы мүмкін болашақ салық салынатын пайданы алу есебінен іске асырылуы мүмкін шамада ғана танылады. Болашақ салық салынатын пайданың шамасы қалпына келтіруге тиісті салық салынатын мерзімдік айырмалардың шамасы негізінде айқындалады. Кейінге қалдырылған салық активтерінің шамасы әрбір есепті күндегі жағдай бойынша талданады және тиісті салықтық пайданы іске асыру ықтимал болмайтын шамада азаяды. Мұндай есептен шығару болашақта салық салынатын пайданың болу ықтималдығы артқан жағдайда қалпына келтіруге жатады.

Танылмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есепті күнге қайта бағаланады және болашақ салық салынатын пайда осы кейінге қалдырылған салық активін өтеуге мүмкіндік беретін шамада танылады.

Кейінге қалдырылған салықтың шамасы есепті күндегі жағдай бойынша қолданыстағы немесе мәні бойынша қолданысқа енгізілген заңнаманы негізге ала отырып, мерзімдік айырмаларды қалпына келтіру сәтінде болашақта қолданылатын салық мөлшерлемелері негізге алына отырып айқындалады. Кейінге қалдырылған салықты бағалау Банктің есепті кезеңнің соңында активтер мен міндеттемелердің баланстық құнының орнын толтыруды немесе өтеуді жоспарлау тәсіліне байланысты салық салдарын көрсетеді.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері, егер ағымдағы салық міндеттемелеріне қарсы ағымдағы салық активтерін есепке алуды жүргізу заңды түрде бекітілген құқығы болса және бұл активтер мен міндеттемелер бір салық салынатын кәсіпорыннан немесе әртүрлі салық салынатын кәсіпорындардан бір салық органы алатын табыс салығына қатысты болса, есептеледі, бірақ бұл кәсіпорындар ағымдағы салық міндеттемелері мен активтерін таза негізде реттеуге ниетті немесе осы кәсіпорындардың салық активтерін сату олардың салық міндеттемелерін өтеумен бір уақытта жүзеге асырылады.

(р) Сегменттік есептілік

Операциялық сегмент - бұл Банк пайда табатын немесе зиян шегетін (Банк қызметінің басқа компоненттерімен операцияларға қатысты кірістер мен шығыстарды қоса алғанда) коммерциялық қызметке қатысатын Банк қызметінің құрамдас бөлігі, оның нәтижелерін сегменттер арасында ресурстарды бөлу кезінде және қаржылық нәтижелерді бағалау кезінде операциялық шешімдер қабылдауға жауапты тұлға үнемі талдайды және оған қатысты қаржылық ақпарат қолжетімді болады.

(с) Жалға беру

Банк келісімшартты жасасу кезінде келісімшарттың жалға беру шарты болып табылатындығын немесе оның құрамында жеке жалдау компоненттері бар-жоғын бағалайды. Тұтастай алғанда шарт немесе оның жекелеген компоненттері, егер осы Шарт бойынша өтемақы орнына белгілі бір кезең ішінде сәйкестендірілген активтің пайдаланылуын бақылау құқығы берілсе, жалға беру шарты болып табылады. Шарт бойынша сәйкестендірілген активті пайдалануды бақылау құқығының берілгендігін бағалау үшін Банк 16-KEXC (IFRS) жалға беру ұғымын қолданады.

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР

(егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(с) Жалға беру, жалғасы

Банк жалға алушы ретінде

Жалдау компонентін қамтитын шартты бекіту немесе өзгерту кезінде Банк негізделген сатылымдар бойынша өтемақыны жалға берудің әрбір компонентіне оның салыстырмалы бағасына қарай бөледі. Банк активті пайдалану құқығы және жалдау басталған күнгі жалдау міндеттемесі түрінде таниды. Пайдалану құқығы нысанындағы актив бастапқыда жалға беру немесе жалға беру басталғанға дейін жүзеге асырылған жалға беру төлемдерінің кез келген шамасына түзетілген жалға беру бойынша міндеттеменің бастапқы сомасы, сондай-ақ жалға беру бойынша кез келген ынталандырушы төлемдерді қоспағанда, бастапқы тікелей шығындарды және базалық активті бөлшектеуге және ауыстыруға немесе базалық активті немесе ол орналасқан учаскені қалпына келтіруге жұмсалған шығындардың бағалау мәнін қамтитын бастапқы құны бойынша бағаланады..

Жалға беру нәтижесінде Банк негізгі активке жалға беру мерзімінің соңына қарай меншік құқығын алған немесе пайдалану құқығы нысанындағы активтің құны Банктің сатып алуға арналған опционды сату мүмкіндігін көрсететін жағдайларды қоспағанда, пайдалану құқығы нысанындағы актив кейіннен жалдау мерзімі басталған күннен бастап оның аяқталуына дейін желілік әдіспен амортизацияланады. Бұл жағдайда пайдалану құқығы нысанындағы актив негізгі құралдарды пайдалану нәтижесінде алынған активпен бірдей негізде айқындалатын базалық активті пайдалы пайдалану мерзімі ішінде амортизацияланады. Бұдан басқа, пайдалану құқығы нысанындағы актив сомасы, егер бар болса, құнсызданудан болған залалдар мөлшеріне кезең-кезеңімен азаяды және жалдау бойынша міндеттемені қайта бағалау ескеріле отырып түзетіледі.

Жалға беру міндеттемесі бастапқыда аталған мерзімде әлі жүзеге асырылмаған, жалға беру шартында белгіленген пайыздық мөлшерлемені немесе егер мұндай мөлшерлемені оңай анықтау мүмкін болмаса, Банктің қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдалана отырып дисконтталған жалға беру құны бойынша бағаланады. Әдетте, Банк дисконттау мөлшерлемесі ретінде қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдаланады.

Банк әртүрлі сыртқы және ішкі көздерден пайыздық мөлшерлемелерді алу арқылы қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін анықтайды және қажет болған жағдайда жалдау шарттары мен жалға берілетін активтің түрін көрсету үшін белгілі бір түзетулер енгізеді.

Жалға беру бойынша міндеттеме амортизацияланған құн бойынша бағаланады, ол тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып есептеледі. Банктің жалға беруді сатып алуға, ұзартуға немесе тоқтатуға опционды пайдаланатынына қатысты бағалауы өзгерген немесе мәні бойынша қайта қаралған бекітілген жалға беру төлемдері болған жағдайда, егер қалдық құнының кепілдігі бойынша төленетін күтілетін сомаға қатысты Банктің бағалауы өзгертін болса, ол индекстің немесе мөлшерлеменің өзгеруі нәтижесінде болашақтағы жалға беру төлемдері өзгерген кезде қайта бағаланады.

Жалдау бойынша міндеттеме ұқсас түрде қайта бағаланған кезде, тиісті түзету пайдалану құқығы нысанындағы активтің баланстық құнына енгізіледі немесе егер пайдалану құқығы нысанындағы активтің баланстық құны нөлге дейін азайтылған болса, пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

Алайда, кейбір жылжымайтын мүлікті жалға беру шарттарына қатысты Банк жалға бермейтін компоненттерді бөліп көрсетпеу туралы шешім қабылдады және жалдау компоненттері мен жалға бермейтін тиісті компоненттерді жалға берудің бір компоненті ретінде қарастырды.

Жалдау мерзімі, есепті кезең ішінде жарамды жалдау келісімшарттары бастапқы қолданылған күннен бастап 12 ай ішінде аяқталады, мұндай жалдау шарттарында ұзарту нұсқалары жоқ және жалдау мерзімі келесі 12 айлық мерзімге ұзартылмаған жағдайда Банк айтарлықтай экономикалық айыппұлға ұшырамайды.

(т) Әлі қолданысқа енгізілмеген жаңа стандарттар мен түсіндірмелер

Бірқатар жаңа стандарттар мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен 2023 жылдың 1 қаңтарынан басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді. Алайда Банк осы жекелеген қаржылық есептілікті дайындау кезінде жаңа және өзгертілген стандарттарға мерзімінен бұрын көшуді жүзеге асырған жоқ.

Стандарттарға келесі түзетулер мен түсіндірмелер Банктің жекелеген қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді деп күтілуде:

- Бір мәміленің салдарынан туындайтын активтер мен міндеттемелерге қатысты кейінге қалдырылған салық (12-КЕХС (IAS) түзетулері);

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

(егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ, ЖАЛҒАСЫ

(т) Әлі қолданысқа енгізілмеген жаңа стандарттар мен түсіндірмелер, жалғасы

- 17-ҚЕХС (IFRS) «Сактандыру шарттары»;
- Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді жіктеу (1-ҚЕХС (IAS) түзетулері);
- Есеп саясатын ашу (1-ҚЕХС (IAS) және 2-ҚЕХС бойынша практикалық ұсынымдарға түзетулер);
- Бухгалтерлік бағалауды анықтау (8-ҚЕХС (IAS) түзетулері).

Банктің қаржылық есептілігіне 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген стандарттарға түзетулер әсер еткен жоқ.

4. БИЗНЕСТІ БІРІКТІРУ

«Eco Center Bank» АҚ-ның (бұрын, «Альфа-Банк» ЕБ АҚ) қосылуы

2022 жылғы 5 мамырда Банк «Альфа-Банк» ЕБ АҚ-ның 100% қарапайым акциясын сатып алды. 2022 жылғы 13 мамырда заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу жүргізілді және «Альфа-Банк» ЕБ АҚ атауы «Eco Center Bank» АҚ болып өзгертілді.

2022 жылғы 3 тамызда Банк акционерлері мен «Eco Center Bank» АҚ бірлескен жалпы жиналысында «Eco Center Bank» АҚ-ның Банкке қосылуы туралы шешім қабылданды.

2022 жылғы 2 қыркүйекте ҚНРЖДА Банкке «Eco Center Bank» АҚ-ны 2022 жылғы 5 қыркүйекте жүзеге асырылған Банкке қосу арқылы ерікті қайта құруды жүзеге асыруға рұқсат беру туралы қаулы шығарды.

Келесі кестеде «Eco Center Bank» АҚ-ның сатып алынған активтері мен қабылданған міндеттемелеріне қатысты танылған сомалар туралы жиынтық ақпарат ұсынылған:

	2022 жылғы 5 қыркүйек
«Банк ЦентрКредит» АҚ-ға қосылған күнгі «Eco Center Bank» АҚ баланстық құны	
Активтер	
Ақша қаражаты және оның баламалары	52,298
Клиенттерге берілген несиелер	3,383
Ағымдағы табыс салығы бойынша талаптар	543
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	18,535
Өзге активтер	12,416
Сату үшін ұсталатын ұзақ мерзімді активтер	1,243
Активтер жиыны	88,418
Міндеттемелер	
Банктер мен қаржы ұйымдарының қаражаты мен несиелері	49
Клиенттердің қаражаты	23,626
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	4,675
Өзге міндеттемелер	5,846
Міндеттемелер жиыны	34,196
Таза сәйкестендірілетін активтер	54,222

* Біріктіру күні «Eco Center Bank» АҚ активтері мен міндеттемелерінің әділ құны олардың баланстық құнына шамамен тең болды.

Біріктіру кезінде «Eco Center Bank» АҚ таза активтерінің сомасы 54,222 млн теңгені құрады. Біріктіру күніндегі «Eco Center Bank» АҚ таза активтері мен «Eco Center Bank» АҚ-ға 4,222 млн теңге мөлшеріндегі Банктің инвестициялар сомасы арасындағы айырма «Eco Center Bank» АҚ еншілес компаниясының Банкке қосылуы нәтижесінің әсері ретінде меншікті капиталдағы өзгерістер туралы жекелеген есепте танылды.

31 мая 2022 года АО ДБ «Eco Center Bank» выплатил дивиденды Банку в размере 80,000 млн тенге.

5. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ

Бұл ескертпеде Банктің қаржылық тәуекелдерге ұшырауы туралы ақпарат берілген. Банктің қаржылық тәуекелдерді басқару бойынша қолданатын саясаты туралы ақпарат 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша Банктің жекелеген қаржылық есептілігінің 27-ескертпесінде берілген.

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

(егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

5. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ, ЖАЛҒАСЫ

Кредиттік тәуекел - күтілетін кредиттік залалдар сомасы

Есеп саясатының сипаттамасы 3(п) ескертпеде берілген.

Кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өсуі

Қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекелдің бастапқы танылған кезінен бастап айтарлықтай өсуі болған-болмағанын бағалау кезінде Банктің артық шығындарсыз немесе күш-жігерсіз орынды және қол жетімді ақпаратқа негізделген және расталған ақпаратты қарастырады. Бағалау сандық және сапалық ақпаратты, сондай-ақ Банктің тарихи тәжірибесіне, кредиттің сапасы мен болжамды ақпаратқа жасалған сараптамалық бағалауға негізделген талдауды қамтиды.

Бағалаудың мақсаты салыстыру арқылы кредиттік тәуекелге ұшыраған позицияға қатысты кредиттік тәуекелдің айтарлықтай жоғарылауы болған-болмағанын анықтау болып табылады:

- есепті күндегі жағдай бойынша барлық мерзімнің қалған бөлігі үшін дефолт болуы ықтималдығы; және
- кредиттік тәуекелге ұшыраған позицияны бастапқы тану кезінде (егер қажет болса, мерзімінен бұрын өтеуге қатысты күтулердің өзгеруін ескере отырып түзетілген) берілген уақытқа қатысты есептелген барлық мерзімнің қалған бөлігі үшін дефолт болуы ықтималдығы.

Банк кредиттік тәуекелдің айтарлықтай өскенін анықтау үшін үш критерийді пайдаланады:

- дефолт болуы ықтималдығының өзгеруіне негізделген сандық критерий (қаржы құралының әрбір тәуекел тобы үшін дефолт ықтималдығының 100%-дан 200% - ға дейін салыстырмалы ұлғаюының рұқсат етілген шектері белгіленеді);
- сапалық белгілері; және
- Мерзімі өткенді 30 күндік «шектеуші».

Кредиттік тәуекелдің градация деңгейлері (рейтингтері)

Банк кредиттік тәуекелге ұшыраған әрбір позицияға дефолт тәуекелін болжау үшін пайдаланылатын әртүрлі деректер негізінде, сондай-ақ кредиттік сапаға қатысты сараптамалық пайымдауды қолдану арқылы кредиттік тәуекелдің тиісті рейтингін белгілейді. Кредиттік тәуекел рейтингтері дефолт тәуекелінің индикаторы ретінде қызмет ететін сапалық және сандық факторларды пайдалана отырып анықталады. Бұл факторлар кредиттік тәуекелге ұшыраған позицияның сипатына және қарыз алушының түріне байланысты өзгереді.

Кредиттік тәуекел рейтингтері кредиттік тәуекел нашарлаған сайын дефолт тәуекелі экспонент бойынша өсетіндей етіп анықталады және калибрленеді, мысалы, кредиттік тәуекел рейтингінің 1 және 2 арасындағы айырма кредиттік тәуекел рейтингінің 2 және 3 арасындағы айырмадан азырақ.

Кредиттік тәуекелге ұшыраған әрбір позиция қарыз алушы туралы қолда бар ақпарат негізінде бастапқы тану күніндегі кредиттік тәуекелдің белгілі бір рейтингіне жатады. Кредиттік тәуекелге ұшыраған позициялар тұрақты мониторингілеуге жатады, бұл бастапқы тану кезінде кредиттік тәуекел рейтингінен басқа рейтинг позициясын беруге әкелуі мүмкін. Мониторинг әдетте келесі деректерді талдауды қамтиды.

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР

(егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

5. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ, ЖАЛҒАСЫ

Кредиттік тәуекел - күтілетін кредиттік залалдардың сомасы, жалғасы

Кредиттік тәуекелдің градация деңгейлері (рейтингтері), жалғасы

Кредиттік тәуекелге ұшыраған позициялар (корпоративтік клиенттер)	Кредиттік тәуекелге ұшыраған позициялар (корпоративтік және жеке клиенттер)
- Қарыз алушылар туралы ақпаратты мерзімді негізде талдау нәтижесінде алынған ақпарат – мысалы, аудиттелген қаржылық есептілік, басқару есептілігі, бюджеттер, болжамдар мен жоспарлар. Ерекше назар аударылатын көрсеткіштердің үлгілері жалпы пайда, қаржылық левередж көрсеткіші, қарызға қызмет көрсету коэффициенті, шектеу шарттарының («ковенанттар») сақталуы, басқару сапасы, негізгі басқару қызметкерлерінің құрамындағы өзгерістер. - Кредиттік рейтингтік агенттіктердің деректері, баспасөздегі жарияланымдар, сыртқы кредиттік рейтингтердегі өзгерістер туралы ақпарат. - Егер бұл ақпарат қол жетімді болса, эмитенттердің кредиттік дефолтының облигациялары мен своптарының баға белгілеулері. - Қарыз алушының қызметін немесе оның шаруашылық қызметін жүзеге асырудың саяси, нормативтік және технологиялық ортасындағы нақты және күтілетін елеулі өзгерістер.	- Мерзімі өткен берешек мәртебесі туралы ақпаратты қоса алғанда, төлемдер туралы ақпарат. - Берілген лимитті пайдалану. - Кредиттік келісімдердің талаптарын қайта қарауға сұрау салу және сұрау салуды қанағаттандыру. - Қаржылық, экономикалық жағдайлар мен қызметті жүзеге асыру талаптарының ағымдағы және болжамды өзгерістері.

Дефолт ықтималдығының мерзімдік құрылымын құру

Кредиттік тәуекел рейтингтері кредиттік тәуекелге ұшыраған позициялар үшін дефолт ықтималдығының мерзімдік құрылымын құру кезіндегі негізгі бастапқы деректер болып табылады. Банк юрисдикцияға немесе өңірге, өнім мен қарыз алушының түріне, сондай-ақ кредиттік тәуекел рейтингіне байланысты талданатын кредиттік тәуекелге ұшыраған позицияларға қатысты берешекке қызмет көрсету сапасы мен дефолт деңгейі туралы мәліметтерді жинайды.

Банк жиналған деректерді талдау және несиелік тәуекелге ұшыраған позициялар үшін қалған кезеңдегі дефолт ықтималдығын бағалау және олардың уақыт бойынша өзгеруін күту үшін статистикалық модельдерді пайдаланады.

Банк жиналған деректерді талдау және несиелік тәуекелге ұшыраған позициялар үшін қалған кезеңдегі дефолт ықтималдығын бағалау және олардың уақыт бойынша өзгеруін күту үшін статистикалық модельдерді пайдаланады. Кредиттік тәуекелге ұшыраған позициялардың көпшілігі үшін негізгі макроэкономикалық көрсеткіш ЖІӨ-нің өсуі болуы мүмкін.

Банк болжамды ақпаратты бағалау кезінде сараптамалық пайымдауды қолданады. Бұл бағалау сыртқы көздерден алынған ақпаратқа негізделеді (болжамды ақпаратты қосу туралы төмендегі ақпаратты қараңыз). Банк бұл болжамдарды дефолт ықтималдығын бағалауды түзету үшін пайдаланады.

Кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артқанын-артпағанын анықтау

Кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артуын айқындауға арналған критерийлер кредиттеудің әртүрлі түрлеріне, атап айтқанда корпоративтік клиенттер мен жеке тұлғалар үшін, сондай-ақ портфельге байланысты әр түрлі болады және дефолт ықтималдығы көрсеткішінің мәндерінің сандық өзгерістерін, оның ішінде мерзімінен кешіктірілгенді «шектеуші» белгісін, сондай-ақ сапалық факторларды қамтиды.

Банк кредиттік тәуекелге ұшыраған белгілі бір позиция бойынша кредиттік тәуекел, егер Банк қолданатын модельдеу әдістері негізінде контрагенттің қаржылық-экономикалық жай-күйінің нашарлауына әкеп соқтыратын объективті факторлар байқалса, ол бастапқы танылған сәттен бастап айтарлықтай артты деп есептейді. Кредиттік тәуекелдің елеулі артқанын бағалау кезінде қалған бүкіл мерзім үшін күтілетін кредиттік залалдар өтеу мерзімінің өзгеруін ескере отырып түзетіледі.

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР

(егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

5. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ, ЖАЛҒАСЫ

Кредиттік тәуекел - күтілетін кредиттік залалдардың сомасы, жалғасы

Кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артқанын-артпағанын анықтау, жалғасы

Кредиттік тәуекелдің артуы, егер бұл Банктің кредиттік тәуекелді басқару процесіне байланысты сапалы белгілермен көрсетіліп, олардың әсерін сандық талдау шеңберінде толық көлемде уақтылы анықтау мүмкін болмаса, елеулі деп санауға болады. Бұл белгілі бір жоғары тәуекел критерийлеріне сәйкес келетін кредиттік тәуекелге ұшыраған позицияларға қатысты, оған арнайы бақылау тізімінде болу, 3-сатыға өтуге әкелмейтін қайта құрылымдау белгісінің болуы жатады. Аталған сапалық факторларды бағалау кәсіби пайымдау негізінде және тиісті өткен тәжірибені ескере отырып жүргізіледі.

Банк бастапқы танылған сәттен бастап қаржы активі бойынша кредиттік тәуекелдің едәуір артқанын куәландыратын «шектеуші» белгісі ретінде банкаралық берешек пен осы белгі бойынша мерзімі өткеніне 7 күн болған бағалы қағаздарды қоспағанда, осы актив бойынша мерзімінен 30 күннен аса кешіктіру есептейді. Мерзімі өткен берешек күндерінің саны толық сомада төлем алынбаған жағдай бойынша бастапқы күннен бастап күндер санын есептеу арқылы айқындалады. Төлемді жүзеге асыру күндері қарыз алушыға берілуі мүмкін жеңілдікті кезеңді есепке алмай айқындалады.

Егер бастапқы тану сәтіне қатысты кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артуы енді жоқ екендігіне дәлел болса, онда тиісті құрал бойынша залалға бөлінген бағалау резерві қайтадан 12 айлық ККЗ мөлшерінде бағаланатын болады. Кредиттік келісімнің қайта қаралған талаптарын бұзу сияқты кредиттік тәуекелдің артуының кейбір сапалық белгілері белгінің өзі жойылғаннан кейін орын алуды жалғастыратын дефолт қаупінің жоғарылағанын көрсетуі мүмкін. Банк бұл жағдайларда «сынақ мерзімі» белгілейді, оның барысында қаржы активі бойынша төлемдер осы актив бойынша кредиттік тәуекелдің жеткілікті түрде төмендегенін дәлелдеу үшін мерзімінде және белгіленген сомада жүзеге асырылуы тиіс. Шартта көзделген кредит талаптары өзгертілген кезде, барлық мерзім ішінде ККЗ-ны тану критерийлері бұдан былай қанағаттандырылмайтынын куәландыру белгісіне шарттың өзгертілген талаптарына сәйкес уақтылы төлемдер статистикасын қамтиды.

Банк төмендегілерге көз жеткізу үшін жүйелі түрде тексерулер жүргізу арқылы кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артуын анықтау қабілеттілігіне қатысты критерийлерді тексеруді жүзеге асырады

- критерийлер кредиттік тәуекелге ұшырайтын позицияға қатысты дефолт жағдайы орын алғанға дейін кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артуын анықтауға мүмкіндік береді;
- критерийлер актив бойынша берешек 30 күннен артық кешіктірілген кездегі уақытпен сәйкес келмейді;
- кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артуын анықтау мен дефолт оқиғасының басталуы арасындағы орташа уақыт кезеңі орынды болып табылады;
- кредиттік тәуекелге ұшыраған позициялар бағалау резерві 12 айлық күтілетін кредиттік залалдар сомасында танылатын портфель құрамынан (1-саты) кредиттік-құнсызданған активтер портфелінің құрамына (3-саты) тікелей аударылмайды;
- кредиттік тәуекелге ұшыраған позицияларды бағалау резерві 12 айлық күтілетін кредиттік залалдар сомасында танылатын портфель құрамынан (1-саты) бағалау резерві бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдар сомасында танылатын портфель құрамына (2-саты) ауыстырған кезде күтілетін кредиттік залалдарға бөлінген бағалау резерві шамасы негізсіз құбылмайды.

Модификацияланған қаржылық активтер

Кредит бойынша шартта көзделген талаптар бірқатар себептерге, соның ішінде нарық талаптарының өзгеруіне, клиенттерді ұстап қалуға және қарыз алушының кредит қабілетінің ағымдағы немесе ықтимал нашарлауына негізделмеген басқа да факторларға байланысты өзгертілуі мүмкін. Талаптары өзгертілген қолданыстағы кредитті есепке алуда тану тоқтатылуы және 3(ж)(ii) ескертпеде сипатталған есепке алу саясатына сәйкес әділ құны бойынша өзгертілген талапмен жаңа кредит есебінде танылып көрсетілуі мүмкін.

Егер қаржы активінің талаптары өзгерсе және талаптарды модификациялау қаржы активін тануды тоқтатуға әкелмесе, қаржы активі бойынша кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артуының орын алғанын анықтау салыстыру арқылы жүргізіледі:

- шарттың модификацияланған талаптары негізінде есепті күндегі жағдай бойынша барлық мерзімнің қалған бөлігі үшін дефолт болуының ықтималдығы; және

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

(егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

5. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ, ЖАЛҒАСЫ

Кредиттік тәуекел - күтілетін кредиттік залалдардың сомасы, жалғасы

Модификацияланған қаржылық активтер, жалғасы

- шарттың бастапқы талаптары негізінде қаржы активін бастапқы тану кезінде белгіленген уақытқа қатысты есептелген барлық мерзімнің қалған бөлігіндегі дефолт болуының ықтималдығы.

Кредит шарттарын модификациялау оны тануды тоқтатуға әкеп соқтырған кезде, қайта танылған кредит (егер оны тану күні кредиттік құнсызданбаған болса) 1-сатыға жатады.

Банк қайтарылатын берешек сомасын ұлғайту және дефолт тәуекелін азайту мақсатында қаржылық қиындықтарға тап болған клиенттердің несиелері бойынша талаптарды («кредиттік келісімдердің талаптарын қайта қарау тәжірибесі») қайта қарайды. Кредиттік келісімдердің талаптарын қайта қарау жөніндегі Банктің саясатына сәйкес, егер дефолт оқиғасы орын алса немесе дефолттың туындау қаупі жоғары болса, сондай-ақ борышкердің шарттың бастапқы талаптарына сәйкес төлемді жүзеге асыру үшін барлық қажетті күш-жігерін жұмсағаны туралы дәлел бар болған, өзінің Банк алдындағы міндеттемелерін қайта қаралған талаптармен орындай алатынын болжанған жағдайда әрбір жеке клиентке қатысты талаптарды қайта қарай жүзеге асырылады.

Талаптарды қайта қарау әдетте өтеу мерзімін ұзартуды, пайыздарды төлеу мерзімін өзгертуді және шарттың (келісімдердің) шектеу талаптарын өзгертуді қамтиды. Кредиттік келісімдердің талаптарын қайта қарау саясаты жеке тұлғаларға берілген кредиттерге де, заңды тұлғаларға берілген кредиттерге де қолданылады.

Кредиттік келісімдердің талаптарын қайта қарау саясаты шеңберінде өзгертілген қаржы активтері бойынша дефолт ықтималдығын бағалау талаптарды өзгертудің Банктің пайыз бен негізгі соманы алу мүмкіндіктерін жақсартуға немесе қалпына келтіруге әкелген-әкелмегендігін, сондай-ақ Банктің кредиттік келісімдердің талаптарын осындай қайта қарауға қатысты бұрынғы тәжірибесін көрсетеді. Осы процестің аясында Банк қарыз алушының Шарттың өзгертілген талаптарына қатысты қарыз алушының қызмет көрсету сапасын бағалайды және әртүрлі жүріс-тұрыс факторларын қарастырады.

Кредиттік келісімдердің талаптарын қайта қарау кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артуының сапалық индикаторын білдіреді және кредиттік келісімдердің шарттарын қайта қарау ниеті кредиттік тәуекелге ұшыраған позицияның кредиттік-құнсызданған болып табылатындығының дәлелі болуы мүмкін (3 (л) ескертпені қараңыз). Клиент кредиттік тәуекелге ұшыраған позиция кредиттік -құнсызданған болып есептелмейінше/дефолт оқиғасы орын алған немесе дефолт ықтималдығы соншалықты төмендеген болып есептелетін, залалдарға бөлінген бағалау резерві қайтадан 12 айлық күтілетін кредиттік залалға тең сомада бағаланатындай төмендеген болып есептелгенге дейін белгілі бір уақыт кезеңі ішінде төлемдерді тұрақты түрде уақтылы жүзеге асыруы қажет болады.

«Дефолт» ұғымының анықтамасы

Банк қаржы активін дефолт оқиғасы орын алған қаржы активтеріне мынадай жағдайларда жатқызады:

- қарыз алушының Банк алдындағы кредиттік міндеттемелерін Банктің кепілдік қамтамасыз етуді іске асыру (ол болған кезде) сияқты шараларды қолданбай толық көлемде өтеуі ескіталай; немесе
- қарыз алушының Банк алдындағы кез келген елеулі кредиттік міндеттемелері бойынша берешегі 90 күннен астам мерзімге кешіктірілген;
- қарыз алушының несие бойынша өз міндеттемелері бойынша төлей алмауына байланысты оның банкроттығы нәтижесінде актив қайта құрылымдау ықтималдығы туындайды.

Банк қарыз алушының міндеттемелері бойынша дефолт оқиғасының басталуын бағалау кезінде келесі факторларды ескереді:

- сапалық – мысалы, шарттың (ковенанттар) шектеуші талаптарын бұзу;
- сандық – мысалы, мерзімі өткен берешек мәртебесі және бір эмитенттің Банк алдындағы басқа міндеттемелері бойынша төлем жасамауы; және
- меншікті және сыртқы көздерден алынған өзге де ақпарат.

Қаржы құралы бойынша дефолт оқиғасының орын алуын бағалау кезіндегі бастапқы деректер және олардың маңыздылығы жағдайлардағы өзгерістерді көрсету үшін уақыт өте келе өзгеруі мүмкін.

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

(егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

5. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ, ЖАЛҒАСЫ

Кредиттік тәуекел - күтілетін кредиттік залалдардың сомасы, жалғасы

Болжамды ақпаратты қосу

Банк болжамды ақпаратты қаржы құралы бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артуын бағалауға да, күтілетін кредиттік залалдарды бағалауға да қосады. Банк болжамды ақпаратты бағалау үшін сараптамалық пайымдауды қолданады. Бұл бағалау сыртқы көздерден алынған ақпаратқа да негізделген.

Банк қаржылық құралдардың әрбір портфелі бойынша кредиттік тәуекел мен кредиттік залалды бағалауға әсер ететін негізгі факторлардың тізбесін анықтады және құжатпен ресімдеді және тарихи деректерді талдауды пайдалана отырып, макроэкономикалық ауыспалы, кредиттік тәуекел және кредиттік залалдар арасындағы байланысты бағалады. Негізгі фактор ретінде ЖІӨ-нің болжамдары анықталды.

Негізгі көрсеткіш пен дефолт оқиғалары мен қаржылық активтердің әртүрлі портфолиолары бойынша залал деңгейлері арасындағы болжамды қатынастар соңғы 5 жылдағы тарихи деректерді талдау негізінде әзірленді.

Күтілетін кредиттік залалды бағалау

Күтілетін кредиттік залалды бағалау кезіндегі негізгі бастапқы деректер мынадай ауыспалылардың уақытша құрылымы болып табылады:

- дефолт ықтималдығы (PD көрсеткіші);
- дефолт орын алған жағдайдағы залал шамасы (LGD көрсеткіші);
- дефолт жағдайындағы тәуекел сомасы (EAD шамасы).

1-сатыға жататын кредиттік тәуекелге ұшыраған позициялар үшін ККЗ 12 айлық PD көрсеткішін LGD көрсеткішіне және EAD шамасына көбейту арқылы есептеледі.

Бұл көрсеткіштер, әдетте, Банк қолданатын статистикалық модельдер мен басқа да тарихи мәліметтер негізінде алынады. Олар жоғарыда сипатталғандай болжамды ақпаратты ескере отырып түзетілуі керек.

PD көрсеткіштерін бағалау белгілі бір күні жүргізілген көрсеткіштерді бағалау болып табылады, олар кредиттік тәуекелдің ұқсас сипаттамалары бар қарыз топтарына өту коэффициенттері (Марков тізбегі) әдісін қолдана отырып, қарыздың әрбір тобы үшін жеке есептеледі. Тарихи деректерге негізделген көші-кон матрицалары арқылы кредит портфелі сегментінің мерзімі өткен бір сатыдан 3-сатыға өту ықтималдығы анықталады (дефолт). Тарихи деректердің тереңдігі кем дегенде 60 кезеңді қамтуы керек. Макроэкономикалық факторларды ескере отырып, орташаландырылған ауысу матрицасын түзету әрбір сегменттің орташаландырылған матрицасының стандартты қалыпты бөлінуін және макроэкономикалық фактордың z-критерийін қосу әдісімен жүзеге асырылады. Макроэкономикалық фактор ЖІӨ-нің өсуі болып табылады. Макроэкономикалық факторларды ескере отырып, есептерді құру үшін ресми статистикалық деректер (Қазақстан Республикасының реттеуші органының, статистикалық органдарының ресми сайттары) көзі болып табылады. PD көрсеткіштері кредиттік тәуекелге ұшыраған позициялардың шарттық өтеу мерзімдерін және мерзімінен бұрын өтеуге қатысты болжамдарды ескере отырып бағаланады.

Банк LGD көрсеткіштерін өз міндеттемелері бойынша дефолтқа жол берген контрагенттерге қатысты ақшаны қайтару коэффициенттері туралы ақпарат негізінде бағалайды. LGD бағалау модельдерінде қамтамасыз етудің құрылымы, түрі, талаптың еңбек өтілі, контрагент өз қызметін жүзеге асыратын сала және қаржы активінің ажырамас бөлігі болып табылатын кез келген қамтамасыз етуді өтеу шығындары ескеріледі. LGD көрсеткіштері әртүрлі экономикалық сценарийлерді ескере отырып және жылжымайтын мүлікпен қамтамасыз етілген несиелерге қатысты жылжымайтын мүлік бағасының ықтимал өзгерістерін ескере отырып түзетіледі. Олар дисконттау факторы ретінде тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып, дисконтталған ақша ағындары негізінде есептеледі.

Дефолт болған жағдайда тәуекел сомасы дефолт басталған күні кредиттік тәуекелге ұшыраған шаманың есептік бағасын білдіреді. Аталған көрсеткішті Банк шарттың талаптарына, соның ішінде дисконттар мен сыйлықақылардың амортизациясына сәйкес осы шамадағы күтілетін өзгерістерді ескере отырып, есепті күнгі ағымдағы шаманы негізге ала отырып есептейді. Қаржы активі үшін EAD шамасы болып дефолт орын алған кездегі жалпы баланстық құн табылады. Қарыз беру бойынша міндеттемелер үшін EAD шамасы талап етілетін соманы да, сондай-ақ тарихи зерттеулер мен болжамдар негізінде бағаланатын шарт бойынша талап етілуі мүмкін күтілетін сомаларды да қамтиды. Қаржылық кепілдік шарттары үшін EAD шамасы қаржылық кепілдік орындалған кезде төленуі тиіс соманы білдіреді.

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР

(егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

5. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ, ЖАЛҒАСЫ

Кредиттік тәуекел - күтілетін кредиттік залалдардың сомасы, жалғасы

Күтілетін кредиттік залалды бағалау, жалғасы

Жоғарыда сипатталғандай, 1-сатыға жатқызылған қаржы активтері үшін PD ең жоғары 12 айлық көрсеткіші барынша пайдаланылған жағдайда, Банк кредиттік тәуекелді басқару мақсатында болса да, ол кредиттік тәуекелге ұшырайтын шарт бойынша (оған қоса мерзімін ұзартуға қатысты кез келген опциондар) ең көп кезең ішінде дефолт тәуекелін ескере отырып, күтілетін кредиттік залалды бағалайды.

Егер параметрді модельдеу топтық негізде жүзеге асырылса, онда қаржы құралдары тәуекелдің жалпы сипаттамалары негізінде топтастырылады, олар төмендегілерді қамтиды:

- құрал түрі;
- кредиттік активтердің сегменттелуі;
- қайта құрылымдау белгілері.

Топтарға біріктірілген қаржы құралдарының кредиттік тәуекелінің сипаттамалары айтарлықтай ерекшеленбейтіндігіне тұрақты бағалау жүргізу қажет.

Банктің жеткілікті көлемде өткен кезеңдер туралы ақпараты жоқ портфельдерге қатысты қосымша ақпарат ретінде сыртқы көздерден салыстырмалы ақпарат пайдаланылады. Сыртқы көздерден алынған салыстырмалы ақпарат күтілетін кредиттік залалды бағалау үшін бастапқы ақпарат ретінде пайдаланылатын портфельдердің үлгілері төменде келтірілген.

	2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша баланстық құны	2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша баланстық құны	Сыртқы көздерден алынған салыстырмалы ақпарат	
			PD көрсеткіші	LGD көрсеткіші
Ақша қаражаты және оның баламалары	1,116,217	260,602	Moody's дефолттар статистикасы	70%; 0% - егер Қазақстан Республикасының Үкіметі контрагент болса
Банктердегі қаражат	54,536	12,997		Қаржы институттары эмитенттері болып табылатын инвестициялық бағалы қағаздар үшін LGD 70% - ға тең, басқа компаниялар үшін рейтингке байланысты қайтару деңгейі бойынша деректерге негізделген;
Инвестициялық бағалы қағаздар	913,415	469,458	Moody's дефолттар статистикасы	0% - егер Қазақстан Республикасының Үкіметі контрагент болса

Кредиттік сапаны талдау

Келесі кестеде 2022 және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің, өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздардың кредиттік сапасы туралы ақпарат берілген. Егер өзгеше көрсетілмесе, қаржы активтері бойынша кестедегі сомалар жалпы баланстық құнның шамаларын көрсетеді.

«1-сатыға қатысты активтер», «2-сатыға қатысты активтер», «3-сатыға қатысты активтер» және «POCI-активтер» терминдерінің анықтамасы 3(л) ескертпеде келтірілген.

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

(егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

5. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ, ЖАЛҒАСЫ

Кредиттік сапаны талдау, жалғасы

	2022 жылғы 31 желтоқсан			Барлығы
	1-саты 12 айлық күтілетін кредиттік залал	2-саты Кредиттік- құнсызданбаған активтер бойынша бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залал	3-саты Кредиттік- құнсызданған активтер бойынша бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залал	
Ақша қаражаты және оның баламалары				
- «АА-» бастап «АА+» дейін кредиттік рейтингі бар	17,609	-	-	17,609
- «А-» бастап «А+» дейін кредиттік рейтингі бар	39,792	-	-	39,792
- «ВВВ-» бастап «ВВВ+» дейін кредиттік рейтингі бар	904,346	-	-	904,346
- «ВВ-» бастап «ВВ+» дейін кредиттік рейтингі бар	950	-	-	950
- «В-» бастап «В+» дейін кредиттік рейтингі бар	13	-	-	13
- рейтингі жоқ	15,040	-	-	15,040
	977,750	-	-	977,750
Залалға бөлінген бағалау резерві	(59)	-	-	(59)
Ақша қаражаты және оның баламаларының жиыны (кассадағы ақшалай қаражатты қоспағанда)	977,691	-	-	977,691
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар				
- ААА-дан бастап кредиттік рейтингі бар	38,315	-	-	38,315
- «ВВВ-» бастап «ВВВ+» дейін кредиттік рейтингі бар	185,371	-	-	185,371
	223,686	-	-	223,686
Залалға бөлінген бағалау резерві	(7)	-	-	(7)
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар жиыны	223,679	-	-	223,679
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар – борыштық				
- ААА-дан бастап кредиттік рейтингі бар	31,576	-	-	31,576
- «ВВВ-» бастап «ВВВ+» дейін кредиттік рейтингі бар	640,336	-	-	640,336
- «ВВ-» бастап «ВВ+» дейін кредиттік рейтингі бар	4,051	-	-	4,051
- рейтингі жоқ	-	12,474	-	12,474
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар жиыны – борыштық	675,963	12,474	-	688,437
Залалға бөлінген бағалау резерві	-	(189)	-	(189)
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздардың жалпы баланстық құны – борыштық	696,283	15,285	-	711,568
Банктердегі қаражат				
- «АА-» бастап «АА+» дейін кредиттік рейтингі бар	18,562	-	-	18,562
- «А-» бастап «А+» дейін кредиттік рейтингі бар	6,575	-	-	6,575
- «ВВВ-» бастап «ВВВ+» дейін кредиттік рейтингі бар	2,173	-	-	2,173
- рейтингі жоқ	27,236	-	-	27,236
	54,546	-	-	54,546
Залалға бөлінген бағалау резерві	(10)	-	-	(10)
Банктердегі қаражат жиыны	54,536	-	-	54,536

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР

(егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

5. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ, ЖАЛҒАСЫ

Кредиттік сапаны талдау, жалғасы

	2022 жылғы 31 желтоқсан				Барлығы
	1-саты 12 айлық күтілетін кредиттік залал	2-саты Кредиттік- құнсызданбаған активтер бойынша бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залал	3-саты Кредиттік- құнсызданған активтер бойынша бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залал	Құрылған кредиттік- құнсызданған қаржы активтері (POCI-активтер)	
Корпоративтік клиенттерге берілген, амортизацияланған құны бойынша бааланатын несиелер					
Мерзімінен кешіктірілмеген несиелер	551,194	121,105	42,661	12,301	727,261
Мерзімінен кешіктірілген несиелер:					
- кемінде 30 күнге дейін кешіктірілген	2,350	102	8,092	88	10,632
- мерзімінен 31-60 күнге кешіктірілген	-	1,711	890	-	2,601
- мерзімінен 61-90 күнге кешіктірілген	-	353	5	14	372
- мерзімінен 91-180 күнге кешіктірілген	-	-	2,513	4	2,517
- мерзімінен 180 күннен аса кешіктірілген	-	-	23,602	607	24,209
	553,544	123,271	77,763	13,014	767,592
Залалға бөлінген бағалау резерві	(3,270)	(13,934)	(52,804)	(49)	(70,057)
Корпоративтік клиенттерге берілген, амортизацияланған құны бойынша бааланатын несиелер жиыны	550,274	109,337	24,959	12,965	697,535
Жеке тұлғаларға берілген, амортизацияланған құны бойынша бааланатын несиелер					
Мерзімінен кешіктірілмеген несиелер	1,242,603	3,971	2,173	826	1,249,573
Мерзімінен кешіктірілген несиелер:					
- кемінде 30 күнге дейін кешіктірілген	14,713	1,028	506	91	16,338
- мерзімінен 31-60 күнге кешіктірілген	-	4,558	402	28	4,988
- мерзімінен 61-90 күнге кешіктірілген	-	3,169	560	28	3,757
- мерзімінен 91-180 күнге кешіктірілген	-	-	9,576	160	9,736
- мерзімінен 180 күннен аса кешіктірілген	-	-	31,631	432	32,063
	1,257,316	12,726	44,848	1,565	1,316,455
Залалға бөлінген бағалау резерві	(10,548)	(2,914)	(25,254)	(380)	(39,096)
Жеке тұлғаларға берілген, амортизацияланған құны бойынша бааланатын несиелер жиыны	1,246,768	9,812	19,594	1,185	1,277,359
Кері РЕПО келісімдері бойынша берілген несиелер					
Кері РЕПО, мерзімінен кешіктірілмеген	73,180	-	-	-	73,180
Залалға бөлінген бағалау резерві	-	-	-	-	-
Кері РЕПО келісімдері бойынша берілген несиелер жиыны	73,180	-	-	-	73,180

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКKE ЕСКЕРТПЕЛЕР

(егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

5. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ, ЖАЛҒАСЫ

Кредиттік сапаны талдау, жалғасы

	2021 жылғы 31 желтоқсан			Барлығы
	1-саты 12 айлық күтілетін кредиттік залал	2-саты Кредиттік- құнсызданбаған активтер бойынша бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залал	3-саты Кредиттік- құнсызданған активтер бойынша бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залал	
Ақша қаражаты және оның баламалары				
- «АА-» бастап «АА+» дейін кредиттік рейтингі бар	6,478	-	-	6,478
- «А-» бастап «А+» дейін кредиттік рейтингі бар	23,754	-	-	23,754
- «ВВВ-» бастап «ВВВ+» дейін кредиттік рейтингі бар	181,440	-	-	181,440
- «ВВ-» бастап «ВВ+» дейін кредиттік рейтингі бар	1,792	-	-	1,792
- «В-» бастап «В+» дейін кредиттік рейтингі бар	832	-	-	832
- рейтингі жоқ	60	-	-	60
	214,356	-	-	214,356
Залалға бөлінген бағалау резерві	(42)	-	-	(42)
Ақша қаражаты және оның баламаларының жиыны (кассандағы ақшалай қаражатты қоспағанда)	214,314	-	-	214,314
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар				
- ААА-дан бастап кредиттік рейтингі бар	7,188	-	-	7,188
- «ВВВ-» бастап «ВВВ+» дейін кредиттік рейтингі бар	3,192	-	-	3,192
	10,380	-	-	10,380
Залалға бөлінген бағалау резерві	-	-	-	-
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар жиыны	10,380	-	-	10,380
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар – борыштық				
- «ААА-» -дан бастап кредиттік рейтингі бар	28,416	-	-	28,416
- «ВВВ-» бастап «ВВВ+» дейін кредиттік рейтингі бар	417,259	-	-	417,259
- «ВВ-» бастап «ВВ+» дейін кредиттік рейтингі бар	12,842	-	-	12,842
- «В-» бастап «В+» дейін кредиттік рейтингі бар	-	-	-	-
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар жиыны – борыштық	458,517	-	-	458,517
Залалға бөлінген бағалау резерві	-	-	-	-
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздардың жалпы баланстық құны – борыштық	458,517	-	-	458,517
Банктердегі қаражат				
- «АА-» бастап «АА+» дейін кредиттік рейтингі бар	6,292	-	-	6,292
- «ВВВ-» бастап «ВВВ+» дейін кредиттік рейтингі бар	216	-	-	216
- рейтингі жоқ	6,497	-	-	6,497
	13,005	-	-	13,005
Залалға бөлінген бағалау резерві	(8)	-	-	(8)
Банктердегі қаражат жиыны	12,997	-	-	12,997

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОКСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

(егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

5. ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ, ЖАЛҒАСЫ

Кредиттік сапаны талдау, жалғасы

	2021 жылғы 31 желтоқсан				Барлығы
	1-саты 12 айлық күтілетін кредиттік залал	2-саты Кредиттік- құнсызданбаған активтер бойынша бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залал	3-саты Кредиттік- құнсызданған активтер бойынша бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залал	Құрылған кредиттік- құнсызданған қаржы активтері (POCI-активтер)	
Корпоративтік клиенттерге берілген, амортизацияланған құны бойынша бағаланатын несиелер					
Мерзімінен кешіктірілмеген несиелер	378,921	68,094	33,156	14,139	494,310
Мерзімінен кешіктірілген несиелер:					
- кемінде 30 күнге дейін кешіктірілген	13,091	3,225	16,153	-	32,469
- мерзімінен 31-60 күнге кешіктірілген	-	231	1,223	-	1,454
- мерзімінен 61-90 күнге кешіктірілген	-	23	50	-	73
- мерзімінен 91-180 күнге кешіктірілген	-	-	8,918	-	8,918
- мерзімінен 180 күннен аса кешіктірілген	-	-	30,657	-	30,657
	392,012	71,573	90,157	14,139	567,881
Залалға бөлінген бағалау резерві	(3,013)	(7,536)	(55,968)	-	(66,517)
Корпоративтік клиенттерге берілген, амортизацияланған құны бойынша бағаланатын несиелер жиыны	388,999	64,037	34,189	14,139	501,364
Жеке тұлғаларға берілген, амортизацияланған құны бойынша бағаланатын несиелер					
Мерзімінен кешіктірілмеген несиелер	598,327	17,013	2,405	-	617,745
Мерзімінен кешіктірілген несиелер:					
- кемінде 30 күнге дейін кешіктірілген	4,305	1,472	214	-	5,991
- мерзімінен 31-60 күнге кешіктірілген	-	2,019	91	-	2,110
- мерзімінен 61-90 күнге кешіктірілген	-	1,303	149	-	1,452
- мерзімінен 91-180 күнге кешіктірілген	-	-	2,444	-	2,444
- мерзімінен 180 күннен аса кешіктірілген	-	-	34,984	-	34,984
	602,632	21,807	40,287	-	664,726
Залалға бөлінген бағалау резерві	(3,692)	(563)	(19,515)	-	(23,770)
Жеке тұлғаларға берілген, амортизацияланған құны бойынша бағаланатын несиелер жиыны	598,940	21,244	20,772	-	640,956
Кері РЕПО келісімдері бойынша берілген несиелер					
Кері РЕПО, мерзімінен кешіктірілмеген	35,013	-	-	-	35,013
Залалға бөлінген бағалау резерві	-	-	-	-	-
Кері РЕПО келісімдері бойынша берілген несиелер жиыны	35,013	-	-	-	35,013

«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2022 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ БОЙЫНША ЖЕКЕЛЕГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

(егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық миллион теңгемен)

6. ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ КІРІС

	2022 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл	2021 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл
Пайыздық кіріс:		
Амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін қаржы активтері бойынша пайыздық кіріс:		
-кредиттік-құнсызданбаған қаржы активтері бойынша пайыздық кіріс	214,929	106,460
-кредиттік-құнсызданған қаржы активтері бойынша пайыздық кіріс	5,826	5,265
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша көрсетілетін қаржы активтері бойынша пайыздық кіріс	47,407	30,877
Пайыздық кіріс жиыны	268,162	142,602
<i>Амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін қаржы активтері бойынша пайыздық кіріске мыналар жатады:</i>		
Клиенттер мен банктерге берілген несиелер бойынша пайыз	197,401	104,532
Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар бойынша пайыз	4,988	121
Банктердегі қаражат бойынша пайыз	18,366	7,072
Амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін қаржы активтері бойынша пайыздық кірістің жиыны	220,755	111,725
Пайыздық кіріс жиыны	268,162	142,602
Пайыздық шығыс:		
Амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін қаржылық міндеттемелер бойынша пайыздық шығыс	(148,388)	(80,305)
Пайыздық шығын жиыны	(148,388)	(80,305)
Амортизацияланған құн бойынша көрсетілетін қаржылық міндеттемелер бойынша пайыздық шығыс:		
Клиенттердің қаражаты бойынша пайыз	(113,210)	(51,118)
Ипотекалық ұйымның төлемдері бойынша пайыздық шығыс	(10,758)	(8,026)
